




## ҚОҒАМ ДЕРТІН ҚАЛАЙ ЕМДЕЙМІЗ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



## ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ: ОЛ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

6-БЕТ | САРАПТАМА



## ӘМБЕБАП ӘУБӘКІР

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Елдік мәселелерге келгенде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген жөн. Елімізді өркендету үшін еңбек ету – баршамыздың азаматтық борышымыз. Ендеше, Отан алдындағы осы перзенттік парызымызға әрдайым адал болайық. Жұмыстарыңыз табысты болсын! Қазақстанымыз көркейе берсін!

№49  
(4482)

Бейсенбі  
27 сәуір  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## АРДАГЕРДІ АРДАҚТА!

Биыл еліміздегі Екінші дүниежүзілік соғыс майдангерлеріне 1,5 миллион теңгеден беріледі.

Жеңіс күніне орай астаналық 12 ардагерге де мерекелік әлеуметтік көмек көрсетіледі. Бұл жөнінде Астана қаласы мәслихаты шешімінің жобасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды.

Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасына сәйкес, бір ардагерге 67 АЕК (231 150 теңге) мөлшерінде көмек беріледі. Тылдағы еңбек ардагерлеріне 11 айлық есептік көрсеткіш (37 950 теңге) мөлшерінде көмек көрсетіледі.

## 5G ЖЕЛІСІ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Биыл елімізде 5G желісі іске қосылады деп мәлім етті Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин.

Ағымдағы жылы Астана, Алматы, Шымкент және кейбір облыс орталықтарында ұялы байланыстың жаңа буыны 5G енгізу мен дамыту жоспарланып отыр. 2027 жылға қарай әрбір республикалық маңызы бар қалалардың 75 пайызы, ал облыс орталықтарының 60 пайызы жаңа жүйемен қамтылады.

«5G интернетке жоғары жылдамдықпен қол жеткізуді қамтамасыз етеді, бұл цифрлық экономиканың дамуын жеделдетуге және заманауи технологиялық компаниялардың жұмыс жағдайларын жақсартуға мүмкіндік береді» деп атап өтті министр.



Фото: интернеттен алынды

## ТАЗА ОРТА - ТАЗА НИЕТ

29 сәуірде Астанада жалпықалалық экологиялық сенбілік өтеді. Елордада 8 сәуірден бастап 6 мамырға дейін «Жасыл Астана» экологиялық айлық өтіп жатыр. Оның аясында 4 коммуналдық сенбілік және 2 жалпықалалық сенбілік өткізу жоспарланған. Ал жалпықалалық сенбілік кезінде ұйымдар мен кәсіпорындардың ұжымдары өз аумағында ағаш отырғызып, қоқыс жинайды, сондай-ақ су айдындары маңайлары тазартылады. Елордамыз – Астананың таза болуына, әдемі болуына баршамыз қолдау білдірейік, құрметті астаналықтар!

## АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МУЗЕЙ

Астана маңайында «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы салынып жатыр. Аумағы 412 гектар жерді алып жатқан кешен еліміздегі ең үлкен ашық аспан астындағы музей болады.

Ашық аспан астындағы музейде дала өркениетінің озық жетістіктері көрсетіледі. Сондай-ақ Бозоқ қалашығымен қатар, энеолит дәуірінен орта ғасырларға дейінгі тарихи кешендердің тарихи реконструкциясы бой көтереді.

Болашақта Бозоқ ин-

новациялық жоба ретінде елорданың ғана емес, еліміздің туристік картасында тартымды мәдени инфрақұрылымға айналады деп болжануда. Сонымен қатар тарихи-мәдени жоба шағын және орта бизнесті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға серпін береді деп күтілуде.



## «ТАЛҒО» АЛАКӨЛГЕ АПАРАДЫ

«Қазақстан темір жолы» компаниясы жазғы маусымда миллиондаған қазақстандықтар пойызбен демалысқа шығатынын ескеріп, қосымша бірқатар пойыз бағдарларын іске қосады.

Компания жазғы кезеңде шамамен 4,5 миллион жолаушыны тасымалдауды жоспарлап отыр. Қосымша алты жазғы маршрут іске қосылады. Олар Алакөл көлін ең танымал жазғы теміржол бағыты деп атады. Осы жазда ҚТЖ Астана,

Алматы, ШҚО және Абай облыстарынан 11 пойызды іске қосады. Бұл құрамдағы орындардың жалпы саны 276 мыңға дейін артады. Астанадан Алакөлге «Талғо» фирмалық пойызы жүретін болады.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 501.86 \$ USD/KZT 455.04 ₸ RUB/KZT 5.59 ¥ CNY/KZT 66.22

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz





## 250 АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТИДЫ

Астана қалалық мәслихатының депутаттары «Astana» ӘКК АҚ және оның еншілес ұйымдарының бірқатар нысандарын аралады. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«№1 Индустриялық паркте АЭА аумағында орналасқан JCB/Hino/Valtra/KIA арнайы техника құрастыру зауыты 250 адамды тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс және жүк сегменттерінің техникасын шығаруды жүзеге асырады. Елордамызда бұл зауыттың ашылуы бүкіл ел үшін серпіліс болды. Атап айтсақ, зауыт жаңа жұмыс орындарын ашты, бюджетке төленетін салықтар артты, жылына 12 мыңға жуық тех-

никаны шығаруды қамтамасыз етеді» деп жазды Е.Каналимов. «Ағабек Қарабеков» атындағы қоғамдық қорының оңалту орталығы әлеуметтік жобаларды жүзеге асырып, 200 шаршы метрден асатын үй-жайды жалға алған. Орталықтың негізгі мақсаты – жаңа технологияларды қолдана отырып, нәрестелердің гемангиомаларын емдеу. «Бұл – еліміздегі лазерлік жабдықтары бар жалғыз орталық. Шамамен бір жыл бұрын азаматтарға қабылдау өткізген кезде, Ағабек

Қарабеков атындағы қордың құрылтайшысы, көпбалалы ана, медицина ғылымдарының докторы Роза Қарабекова орталықтың ашылуына көмек сұрап, жүгінген болатын. Бүгінде орталық еліміздің түкпір-түкпірінен келген мұқтаж жандарға көмек көрсетуде» деді мәслихат төрағасы. Бұдан бөлек, депутаттар ӘКК әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерін сататын «Магнум» сауда желісіне барып, өнімдердің бағасы және көлемімен танысты.

## ЖАЛҒАН СТАТИСТИКА ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ

«Өтірікті сендіріп айтудың өзі – өнер» деген сөзді Статистика бюросы тура мағынасында түсінетіндей көрінеді маған. Статистиктердің ресми мәліметін оқысаң, Қазақстанда орташа жалақы Еуропаны өкшелеп қалған. Ал жұмыссыздық көрсеткіші бойынша Скандинавия елдерінен еш кем түспейміз.

Дәл қазір қазақстандықтардың ең басты проблемасы – азық-түлік бағасының шарықтауы. Қымбатшылық қаралайым халықты алқымдап тұр. Бірақ, Ұлттық статистика бюросы 10 жұмыртқа – 490 теңге, айранның литрі – 390 теңге, пияз – 182 теңге, ал қияр мен қызанақ бағасын 1000 теңгенің көлемінде дейді. Оған қоса, Статистика бюросының мәліметінше, 2023 жылдың наурыз айына азық-түлік бағасы шамамен 21 процентке өсіпті.

Шындығында, мәселе одан әрі ушығып тұр. Кеше бүкіл аймақ бойынша Атапат партиясының мониторингтік топтары азық-түлік бағаларын қадағалады. Нәтижесінде, пияздың бағасы – 350 теңге, қияр мен қызанақ – 1600 теңге, ал жұмыртқаның бағасы – 600 теңге. Яғни 1,5-2 есеге дейін, 70-100 процентке бағаның шарықтағаны байқалады.

Рас, қазір дүкенге баруға қорқасың, баға күн санап өсуде. Мысалы, үш адамнан тұратын отбасы бір апталық тамағына ең кемі 40-50 мың теңгенің арасында ақша жұмсайды. Әлеуметтік жағдайы қиын, көпбалалы отбасылар туралы айтуға қысыласың. Бұл – бір.

Екіншіден, ресми мәліметке сүйенсек, Қазақстандағы орташа жалақы 339 мың теңгені

құраса, халықтың жан басына шаққандағы табысы 166 мың теңгені құрап отыр. Шынын айту керек, бұл цифрларға қарапайым халық сенбейді. Ең төменгі жалақы 70 мың теңгені құрайтын қоғамда, орта жалақы одан 5 есеге көп болуы мүмкін емес.

Оған қоса, осыдан бір жыл бұрын Мемлекет басшысы халқымыздың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайтындығын көрсеткен болатын. Яғни, инфляцияның өсуі, экономикалық рисктердің артуы жағдайында аталған кедей халықтың табысы күрт артты дегенге ешкім сенбейді.

Үшіншіден, соңғы 3 жыл бойы Ұлттық статистика бюросы Қазақстандағы халықтың небәрі 4,9 проценті, яғни 450 мың адам жұмыссыз дейді. Қазақстанда жұмыссыздар статистикасы тек халықты жұмыспен қамту орталықтарына арнайы өтініш бергендердің есебінен жүргізетіні анық. Сондықтан жұмыссыздардың көбі есептен тасада қалып қояды. Ал ресми дерек бойынша жастар арасындағы жұмыссыздардың саны шамамен 80 мың адамды құрайды. Шындығына келсек, осы топтадағы жұмыс істемейтін, тіпті оқымайтын «NEET» жастардың саны 380 мыңды, ал өзін-өзі жұмыспен

қамтитын, яғни тұрақты табысы жоқ жастардың саны 300 мыңнан асып жығылады. Сонда тек жас азаматтардың кемі 750 мың – жұмыссыздар қатарында. Бұл ресми статистикалық көрсеткіштен 10 есеге көп.

Мен жоғарыда ел білетін үш бағыт бойынша мысалдар келтірдім. Ал негізінде, экономикалық өсім, өндірістің дамуы, тұрғын-үйлердің салынуы, ауыл шаруашылығынан өнім алу сияқты көрсеткіштер бойынша сұрақтар асып жығылады. Жалпы, Үкіметтің шешім қабылдарда жіберетін басты кемшілігі – жалған статистиканы пайдалануы. Статистика – елдегі нақты ақпарат пен шынайы көрсеткіштердің бет-бейнесі болуы тиіс. Дегенмен, Үкімет тарапынан қабылданған шешімдердің әлсіздігі, көбінде қате мәліметтерге сүйенудің негізінде орын алып отыр.

Ұлттық бюро жүргізетін статистика барынша шынайы, халықтың әлеуетін ашық көрсетуі тиіс. Сонда ғана қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту, табысын арттыру мүмкін болады. Осы ретте, біз нақты ақпарат берудің жаңа, әділ ережесін қалыптастыруымыз қажет.

Елнұр БЕЙСЕНБАЕВ,  
Мәжіліс депутаты

## КЕШЕНДІ ЖОСПАР АШЫҚ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің төрағалығымен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес мүшелері Нашәқорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы кешенді жоспарды әзірлеуші орталық мемлекеттік органдар басшыларымен кездесу өткізді. Басқосуда еліміздегі синтетикалық есірткінің таралуы, есірткі бизнесіне қарсы күрес мәселесі ашық талқыланды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бытыр қыркүйек айында жарияланған Жолдауында синтетикалық есірткінің таралуын ұлт денсаулығына зиян келтіретін басты қауіптің бірі ретінде атады. Сол себепті нашәқорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес Президенттің сайлауалды бағдарламасының басты бағыттарының бірі болып белгіленді. Президент жанындағы Жастар саясаты жөніндегі кеңес синтетикалық есірткінің таралуына қатысты қауіпті алғашқылардың бірі болып көтерді. Оған барша қоғамның назарын аударды.

Аталмыш стратегиялық құжаттарды жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасының нашәқорлыққа және есірткі

бизнесіне қарсы 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының жобасы әзірленіп жатыр. Бұл жұмысқа Кеңес мүшелері де белсенді түрде қатысуда. Жоспар бойынша жоба 7 бөлімнен және 64 пункттен тұрады. Ол ең алдымен, нашәқорлықтан оңалтуды және есірткіге тәуелділер санын азайтуды көздейді. Осы арада мұндай жоспардың 2016 жылдан бері қабылданбағанын айта кету керек.

«Кешенді жоспарды тиімді жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының тығыз байланыста жұмыс істеуі қажет. Жастар саясаты жөніндегі Кеңес нашәқорлыққа қарсы қоғамдық қозғалыстың бас-тамашыларының бірі ретінде

Кешенді жоспардың әзірленуіне, сондай-ақ қабылдануына белсенді түрде атсалысады. Ал содан соң оның орындалуын өз бақылауында ұстайды» деді Е.Қарин.

Кездесуде Кеңес мүшелерімен қатар Ішкі істер, Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрліктерінің басшылары қатысты. Олар синтетикалық есірткінің таралуына қарсы күрес, әзірленіп жатқан Кешенді жоспар шеңберінде нашәқорлықтан емдеу және оңалту мәселелері бағытында атқарылған жұмыстар жайында баяндады. Жиын соңында ақпараттық-профилактикалық жұмыстарға жұртшылықты белсенді қатыстыра отырып, мемлекеттік органдар үшін нақты ұсынымдар берілді.

## ХАЛЫҚ БІРЛІГІНІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Елордада Қазақстан халқы ассамблеясының XXXII сессиясы басталды. Отырыста Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары Аида Балаева мемлекеттің басты мақсаты тәуелсіздігімізді сақтау екенін атап өтті.

«Еліміздің егемендігі – барлығымызға ортақ құндылық. Ал оны қастерлеп сақтау – азаматтық парыз. Бұл орайда саяси маңызды іс-шаралар ел тағдырына қатысты ой-жоспармен бөлісуге мүмкіндік беретін ақпарат алаңы» деді Аида Балаева. Оның айтуынша, біз ел арасында тек рухани бірлік пен құндылықты дәріптеу арқылы қоғамды ауызбіршілікке жетелейміз. «Кез келген мемлекет бірлікте болса, онда ол одан әрі гүлдене түседі. Өздеріңіз көріп жүргендей, президенттік реформаларды жүзеге асыру процесі өте қарқынды жүріп жатыр. Қысқа мерзім ішінде біз маңызды институционалдық өзгерістерді бастадық. Егер біз оны бүкіл қоғам болып қолдап қана қоймай, өз өңірімізді дамытсақ, онда көп ұзамай жақсы нәтижелерге қол жеткіземіз» деді Президент Әкімшілігінің басшысының орынбасары.

Одан кейін сөз кезегін алған ҚР Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары Альберт Рау ҚХА-ның сессиясына әр өңірден жиналған жұрттың ішінде жастардың қарасы көбейгенін атап айтты. «Бүгінгі жиынға қатысуға ассамблея ардагерлері мен әр өңірден жиналған мүшелері, сондай-ақ жаңадан қосылып жатқан жастар келді. Бұл ассамблеяның жұмысы алға жылжып, өзінің тарихи миссиясын дамытып келе жатқанының көрсеткіші десе де болады» деді депутат. Сондай-ақ ол жұртты бірлікке, ынтымаққа, елдікке үндейтін ҚХА-ның алдында қыруар жұмыстар тұрғанын тілге тиек



етті. «Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен ертеңі үшін бәріміз жұмылып, бірлікпен өмір сүрсек, мақсатымызға жетеміз. Бұл жерде Қазақстан халқы ассамблеясының жұмысы орасан. Біздің басты мақсатымыз – ол еліміздің тәуелсіздігін сақтап, халықты бірлікке шақыру» деді А.Рау.

Екі күнге созылатын сессияға 1300 адам, соның ішінде Парламент депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, діни бірлестіктердің басшылары, ҚХА мүшелері, республикалық және облыстық этномәдени бірлестіктердің төрағалары, үкіметтік емес ұйымдардың, дипломатиялық корпусының, ынтымаққа, елдікке үндейтін ҚХА-ның алдында қыруар жұмыстар тұрғанын тілге тиек

құралдарының өкілдері қатысады.

Биылғы сессия «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» деген атаумен өтеді. Жиынға қатысушылар Әділетті Қазақстанды құру жолындағы ұлт бірлігі құндылығы, жүйелі өзгерістерге саяси және қоғамдық серпін беру, мемлекеттік құрылыстың жаңа кезеңіндегі ұлттық саясатты жүргізудегі әртүрлі этностың үлесі сияқты мәселелерді талқылайды. Сессияның секциялық басқосулары Назарбаев университетінде өтеді. Онда делегаттар мен сарапшылар жоғарыдағы аталған тақырыптарды ашық талқылайды. Ал бүгін сессияның Пленарлық отырысы Бейбітшілік және келісім сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өтеді.

### СҮБЕЛІ СӨЗ



Нұртай САБИЛЬЯНОВ, Мәжіліс депутаты:

2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тұтынушылық несие алған адамдардың саны елімізде 6 миллион 900 мыңға жетіпті. Былтырғы жылмен салыстырғанда аталмыш көрсеткіш 25,3 пайызға ұлғайған. Енді,

міне, 7 триллион 700 миллиард теңгені құрап отыр. Бұл халықтың мұқтажынан туындады. Несиенің өзі 56 пайыз жылдық мөлшермен беріліп жатыр. Осылайша, бәлкі халықты қанап отыр.





## ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛДЫ

Кеше елордада Чернобыль апаты құрбандарына арналған ескерткіш жанында еске алу шарасы өтті.

**Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Тағзым етуге жиналғандар алдымен бір минут үнсіздікпен құрбан болған отандастарымызды еске алды. Ескерткішке Астана қаласы әкімдігі, Астана қаласы мәслихаты және қоғамдық ұйымдар атынан гүл шоқтары қойылды.

Чернобыль атом электр станциясында орын алған апат әлемдегі ең ірі ядролық техногендік оқиға ретінде тіркелген.

Еске алу шарасында сөз алған Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, Чернобыль апаты, оған қатысқан астаналықтардың қайсарлығын, тарихи оқиғаға қатысы бар

азаматтардың ешқашан ұмытылмайтынын атап өтті.

«Биыл Чернобыль апатының орын алғанына 37 жыл толып отыр. Бүкіл адамзатты алаңдатқан қауіптің салдарын жоюға бұрынғы Кеңес Одағы елдері ішінде алғашқылардың бірі болып қазақстандықтар да қатысып, ерліктің ерен үлгісін көрсетті. Бүгінгі таңда елордамызда Чернобыль апатын жоюға қатысқан 500-ге жуық адам бар. Біз осы апаттың салдарынан қайтыс болған батырлардың және бүгін ортамызда жүрген азаматтардың алдында құрметпен бас иеміз» деді қала әкімінің орынбасары.

Жиында «Чернобыль ардагерлері республикалық одағы» қоғамдық бір-

лестігінің төрағасы Мұстафа Құсайын 1986 жылдың 26 сәуірінде болған Чернобыль апатының себептері мен салдары туралы баяндады.

«Чернобыль апаты салдарын жоюға шамамен 800 мың адам қатысқан, оның 30 мыңға жуығы қазақстандық болған. Отандастарымыз жастық шақтағы кезеңін, денсаулықтарын тәуекелге буып, өз борыштарын абыроймен орындады. Радиацияның әрі қарай таралуына тосқауыл болды. Чернобыль апаты бүкіл әлемге қасіретті сабақ болды. Болашақта осындай апаттың қайталанбауына, жол берілмеуіне өзіміздің ықпалымызды, күш-жігерімізді жұмылдыра білуіміз керек. Еліміз аман болсын, жұртымыз тыныш болсын, – дейді М.Құсайын.

Іс-шара соңында жиналған көпшілік ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпоббаев төрағалығымен өткен жиынға Астана қалалық мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов онлайн форматта қосылды. Басқосуға халық қалаулылары Кендебай Адамбеков, Жандос Рахмет, Асқар Смағұлов, Берік Жақенов, Сәуле Самидин, Владислав Сергеев, Алтыншаш Табулдина, Бахаргүл Төлеген қатысты. Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов, Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев, Білім басқарма басшысының орынбасары Нариман Еламанов пен Активтер және мемлекеттік сатып алу басқарма басшысының орынбасары Жандос Дәулетов арнайы келді.

Тексеру комиссиясының мүшесі Ардақ Тоқбергенов мәлімдегендей, 2021 жылы қаңтар айынан 2022 жылы қыркүйекке дейінгі кезеңді қамтыған Мемлекеттік аудит кезінде Мәдениет басқармасы мен Дене шынықтыру және спорт басқармасының жұмысы сараланды.

– Аудит барысында бірқатар бұзушылық анықталды. Мәселен, Мәдениет басқармасы 4 миллиард 843 миллион теңгені, Спорт басқармасы бойынша 5 миллиард 896 миллион теңгенің бюджеттік өтінімінде ақпарат дұрыс көрсетілмеген. Мемлекеттік тапсырысты орналастыру жоспарланған үйірме түрлері бойынша нақтылық және үйірмелердің қажеттілігі бойынша есеп жоқ және 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалардың қамтылу жалпы саны белгісіз. Өтінімді қарау мерзімін бұзудың 348 жағдайы белгілі болды. Оның ішінде 141-і шығармашылық, 207-сі спорттық тапсырысқа жатады. 2023 жылдың қаңтар-наурыз айында ақпараттық жүйенің жұмысы қолжетімсіз болып, балалар тегін секцияға қатыса алмады, – деп бірқатар мәселені атады Ардақ Тоқбергенов.

Порталдың кемшілігі көп. Мәселен, 2 бөлек балаға және одан көп балаға 1 ваучер беру фактісі тіркелді. Екі басқарма бойынша мұндай фактінің саны – 1132. Соның салдарынан

оператор бюджет қаражатына нақты қажеттілікті анықтауы қиындап, бюджет қаражаты мақсатсыз жұмсалуда жол ашты. 2021 жылы мамыр айында жұмысы басталғанымен artsport.edu.kz операторы мен платформа иесі арасында платформаны пайдалану туралы шарт әлі жоқ. Сол себепті платформада ақпараттық қауіпсіздікті сынаудың сәтті нәтижесі туралы акті қамтамасыз етілмеген, бастысы, денсаулық, білім, спорт және әріклет министрлігінің ақпараттық жүйесімен интеграцияланбаған. Мәдениет және спорт басқармалары ақпараттық жүйенің серверінде және ақпарат тасығыштарда мемлекеттік тапсырыс рәсімдерін орындау барысында жинақталған мәліметтерді сақтауды жүзеге асырмайды, сондай-ақ іріклет болған жағдайда жұмысқа қабілеттілікті тез қалпына келтіру мүмкіндігі үшін деректердің резервтік жинақталуы жоқ.

– Аудит бюджет қаражатын мақсатсыз, негізсіз пайдаланудың бірқатар фактісін анықтады.

Біріншіден, елорданың шығармашылық үйірмелері мен спорт секцияларына баратын балалар арасында өзге өңірлердің балалары тіркелді. Ақмола облысының іргелес аудандарындағы балаларға 10 812 ваучер беріліп, 2 миллиард 951 миллион теңге тиімсіз жұмсалды.

Екіншіден, мектеп жасындағы 441 бала (мәдениет бағыты бойынша) және 1 173 бала (спорт бағыты бойынша) 406 миллион 762 мың теңге бюджет қаражаты негізсіз жұмсалды.

Үшіншіден, жекелеген жеткізушілер платформадан балалар туралы ақпаратты алып тастаған, оқу бағдарламасы жоқ, шығармашылық үйірмені өткізу кестесі туралы толыққанды ақпарат орнатылмаған.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша қаржылық бұзушылық 473 миллион 64 мың теңгені құраса, бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау 10 миллиард 739 миллион 812 мың теңгені құрады. Сондай-ақ 560 процедуралық бұзушылықтар мен 16 жүйелік кемшіліктер анықталды, – деді комиссия мүшесі.

Тексеру комиссиясы аудиторлық іс-шарада анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою үшін тапсырмалар мен ұсынымдар әзірледі.

## ЖАТ АҒЫМНЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕСІН

Елорадада Дін мәселелері бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы мүшелерінің қатысуымен рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру және дұрыс діни бағытты насихаттайтын семинарлар өтті.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Халықтың діни сауаттылығын арттыру, қоғамда дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, діни экстремизмнің алдын алу мақсатында өткізілген бұл шараны Астана қаласы әкімдігінің Дін істері басқармасы мен Діндерді зерттеу орталығы бірлесіп өткізді.

Іс-шара спикерлері ретінде білікті дінтанушылар, дін саласындағы республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының теологтары, атап айтқанда, психолог, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ «Психология» кафедрасының оқытушысы А.Нуридинов, елордалық діндерді зерттеу орталығының теолог маманы А.Нұрахметұлы, PhD доктор,

исламтанушы И.Бердалиев, психолог Ж.Сыдықова, исламтанушы Т.Қожахметова, С.Роза және т.б. сөз сөйледі.

Шараға студенттер, оқытушылар, әскери қызметшілер, спортшылар, жаттықтырушылар, саудагерлер, кәсіпорын қызметкерлері және жеке кәсіпкерлер қатысты.

– Бір апта уақытқа жоспарланған бұл шара алдағы жұма күні аяқталады. Астана қаласындағы мемлекеттік мекемелерде, оқу орындарында, сауда-саттық орталықтарында, әскери бөлімдерде лекция оқып, қарапайым халыққа діни мәселелерді түсіндіріп, дәстүрлі дініміз бен керітартпа ағымдардың парқын ашып айттық. Мақсатымыз – жұрттың жат ағым жетегінде кетуінің алдын алу, – дейді Астана қалалық діндерді зерттеу орталығының теолог маманы Арман Нұрахметұлы.

## ОҚУШЫЛАР ОЛИМПИАДАСЫ БАСТАЛДЫ

Кеше елордада «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының ұйымдастыруымен химия және биология пәндері бойынша 7-8 сыныптар арасында республикалық жасөспірімдер олимпиадасы басталды. Олимпиада «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен «ZERDE-LIDER» білім беру орталығымен бірлесіп ұйымдастырылды.

Олимпиаданың мақсаты – химия, биология пәндерін тереңдетіп оқуға оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, олимпиадаларға дайындық жүйесін жоғары деңгейде жетілдіру және олимпиадалық резервті қалыптастыру.

Бүгінгі таңда мектеп оқушылары арасында химия-биологиялық бағыттағы пәндерге қызығушылық күннен-күнге артуда. Қазіргі таңда еліміздің алдында тұрған ғылым, білім, кәсіби кемелдену әлеміндегі мәселелерді шешу үшін жас дарындарды қолдау қажет. Осын-

дай қолдауды екінші жыл қатарынан қайырымдылық қызметімен танымал, Олимпиаданың бас демеушісі – әлемдегі ең ірі мұнай компаниясы Exxon Mobil көрсетіп келеді.

Теориялық және практикалық секілді екі кезеңнен тұратын Олимпиадаға 171 оқушы қатысып жатыр. Марапаттау рәсімі 28 сәуірде «Думан» қонақ үйінде өтеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының I, II және III дәрежелі дипломдарымен және грамоталарымен, сондай-ақ Exxon Mobil демеуші компаниясы ұсынған бағалы сыйлықтармен марапатталады. Олимпиаданың барлық қатысушыларына сертификаттар табысталады.

## КӘСІПКЕРЛІК БАСТАУЫ



Астана қаласы Сервис және туризм колледжінде жастарға қызмет көрсету саласы мен техникалық мамандықтарды насихаттау мақсатында «Кәсіпкерлік бастауы» мамандықтар шеруі өтті.

Колледж директоры С.Басығараеваның айтуынша, «Болашақ мамандықты және оқу орнын таңдау – әр адамның өміріндегі ең маңызды және жауапты сәттердің бірі. Кәсіби өсу, мансап және

өзін-өзі жетілдіру мүмкіндіктері алған білім сапасына байланысты». Осы орайда, іс-шара еңбекті ынталандыруға, жастар арасында қызмет көрсету саласы, техникалық, жұмысшы мамандықтарды таны-

мал етуге, еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін нығайтуға бағытталды.

Іс-шара барысында құрметті қонақтар мен мектеп оқушыларына заманауи жылбай, автомобиль көліктерінің шеберханалары, «Ландшафтық дизайн», «Флористика», 3D кабинеті мен қонақ үй бизнесі мамандығы бойынша шеберханалары таныстырылды. Сонымен қатар, қатысушыларға халықаралық экоастрономиялық Slow Food жобасы аясында «Жылыжайдан дастарқанға» ұранымен «Қиярдан жасалған смузи», «Дәмді құймақ жасаудың құпиялары», «Ұлттық тағам – майсөз әзірлеу», оригами техникасы бойынша «Жазғы көңіл-күй», «Менің арманымдағы Туризм саласындағы жұмыс» тақырыптарында жастар шеберлігі көрсетілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалар имбирь тәтті тоқаштары мен өзгеше коктейльдер жасау жолдарымен танысты.

Мамандықтар шеруіне колледждің қамқоршылық және индустриалды кеңестерінің мүшелері, БАҚ өкілдері, әлеуметтік серіктестер, мектеп оқушылары қатысты.

## ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР САЛЫНАДЫ

Елордада жалпы ауданы 93,8 мың шаршы метрді құрайтын 1533 пәтерлік 4 тұрғын үй кешенінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Соның бірі – сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй. Сондай-ақ бюджеттік инвестициялық жобалар шеңберінде екі ауысымда 16 300 оқушыға арналған 4 мектеп пен 7 қосымша ғимараттың құрылысы аяқталып қалды.

Железнодорожный және Ильинка тұрғын алаптарында екі спорт кешенінің құрылысы аяқталады. Патологиялық-анатомиялық бюро пайдалануға беріліп, №1 емхананы

реконструкциялау бітеді. Үркер тұрғын алабында өрт сөндіру депосы пайда болады.

Үркер және Оңтүстік-Шығыс тұрғын алаптарында екі спорт кешенінің жобалау

жоспарлануда. Перинаталдық орталықтың, амбулаторлық-емханалық кешеннің құрылысы бойынша мемлекеттік сараптама алынады.



## іКОМЕК КӨМЕККЕ ДАЙЫН

Елордадағы іKomek109 орталығына жыл басынан бері 600 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Олардың 80 пайызы бірден шешіледі екен. Жалпы, орталыққа нақты қандай мәселелер бойынша хабарласуға болады? Әр мәселе қанша уақыт ішінде шешіліп, тұрғынға жауап беріледі? Міне, осындай маңызды сұрақтарға Астана қаласы әкімдігінің қалалық Мониторинг және жедел әрекет ету орталығы анализ және сапаны бақылау департаментінің директоры Айтқабил БОПАНТАЙ жауап берді.

Астанадағы іKomek109 орталығы 2018 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Орталық қызметкерлері күндіз-түні қала тұрғындары мен қонақтарының қоңырауына жауап береді. Азаматтар «109» желісі арқылы шұғыл мәселе бойынша хабарласа алады.

– Орталықта күн сайын желіге 45-50 оператор шығады. Олардың ішінде сағат 9:00-ден кешкі 21:00-ге дейін 17 оператор, сағат 8:00-ден 17:00-ге дейін 19 оператор, сағат 08:00-ден 08:00-ге дейін 11 оператор кесте бойынша жұмыс істейді, – деді Айтқабил Бопантай.

«109» желісі арқылы келіп түскен өтінішті операторлар бірыңғай жүйеге тіркейді. Ал өтінішке бірден жауап берілсе, өтініш жабылады. Егер арнайы мамандардың қарауын қажет етсе, жүйе арқылы жауапты мекемеге жіберіледі. Жауап қарастыру уақыты – 7 күн. Осы уақыт ішінде оператор өтініш берушіге жауап береді. Егер де қарастыру уақыты маңызды себептермен ұзаруды талап етсе, онда жауапты маманмен белгілі уақытқа шегеріледі.

Департамент директорының айтуынша, орталыққа келіп түскен өтініштердің 83 пайызы бірден шешіледі. Ал қалған 17 пайызы инцидент ретінде тіркеліп, жауапты мекемеге жіберіледі.

Сонымен, іKomek-ке нақты қандай мәселелер бойынша

хабарласуға болады?

іKomek109 – тұрғындарға коммуналдық және қала өміріне байланысты сұрақтар бойынша қызмет көрсететін Астана қаласының бірыңғай байланыс орталығы. Қала тұрғындары мұнда әртүрлі мәселе бойынша хабарласа алады. Олардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, қоғамдық көліктің жұмысы, тұрғын үйлерді су, жарық, жылумен қамтамасыз ету, қаланы қардан, қоқыстан тазалау, жасыл желектерді суару, жол инфрақұрылымы және т. б. әкімдіктің жұмысына қатысты мәселелер бар, – деді Айтқабил Бопантай.

Қалада іKomek109 орталығы ашылған күннен бастап 10 млн-нан астам өтініш келіп түскен. Мәселен, 2018 жылы – 1.037 мың, 2019 жылы – 1.670 мың, 2020 жылы – 2.197 мың, 2021 жылы – 2.490 мың, 2022 жылы – 2.274 мың өтініш түссе, биыл жыл басынан бері 600 мыңнан астам адам орталыққа жүгінген. Олардың көбі – денсаулық сақтау, қоғамдық көлік, қаланы инфрақұрылымына қатысты мәселелер.

Сондай-ақ қыс мезгілінде қаланы қардан тазалау, көктемде су басу, қоқыстан тазарту, жазда жасыл желектерді суару секілді жыл мезгіліне қарай да қала тұрғындары мен қонақтарынан өтініш келіп тұрады.



Қалада іKomek109 орталығы ашылған күннен бастап **10 млн-**нан астам өтініш келіп түскен. Мәселен, **2018 жылы – 1.037 мың, 2019 жылы – 1.670 мың, 2020 жылы – 2.197 мың, 2021 жылы – 2.490 мың, 2022 жылы – 2.274 мың** өтініш түссе, биыл жыл басынан бері **600 мыңнан** астам адам орталыққа жүгінген. Олардың көбі – денсаулық сақтау, қоғамдық көлік, қаланы инфрақұрылымына қатысты мәселелер

– Мұнда тәулігіне орташа есеппен 6000-нан 9000-ға дейін өтініш түседі. Мәселен, пандемия кезінде жедел әрі нақты ақпарат тарату мақсатында іKomek109 орталығы сенім телефоны ретінде қызмет атқарған кезде тәулігіне 7000-нан 29000-ға дейін өтініш түскен, – деді Айтқабил Бопантай.

іKomek орталығының ашылғанына биыл 4 жылдан асты. Орталыққа түсетін өтініштің саны жылдан-жылға артып келеді. Бұл орталық жұмысының тиімділігінің көрсеткіші деуге болады.

– Қала әкімдігінің 21 басқармасы, 5 аудандық әкімдік, 30-дан аса коммуналдық мекеме, 600-ден аса тұрғын үйге қызмет көрсетуші сервистік мекеме, лифт шаруашылығына қызмет көрсетуші 80 фирманың байланыс нөмірі «109» қысқа нөміріне біріктірілген. Тұрғындарға әкімдікпен және оған қарасты мекемелермен байланыс орнату үшін ыңғайлы сервис ұсынылды. Өтініштің 50 пайызы байланыс орталығы, 20 пайызы қосымша сервис арқылы түседі, – деді қалалық Мониторинг және жедел әрекет ету орталығы анализ және сапаны бақылау департаментінің директоры.

Тәулік бойы қызмет ететін орталыққа азаматтардан қызықты өтініштер де келіп түседі.

«109 интеллектуалды байланыс-орталығы» департаментінің директоры Әсел Өмірзақтың айтуынша, 2022 жылдың жазында болған нөсер жауын кезінде «109»-ға ер адам қоңырау шалып, жаңбырды тікұшақтың көмегімен тоқтатуымызды өтінді.

Қала күнінде бұлтты ыдыратты дегенді алға тартқан ол бұл жолы жаңбырды тоқтатуды сұраса, бір күні биодәретханада қамалып қалған жас жігіт хабарласқан.

– Саябақтан бір жігіт қоңырау шалып, биодәретханада қамалып қалғанын хабарлады. Бір сағат бойы сыртқа шыға алмаған. Біз «102» нөміріне хабарласып, полиция қызметкерлеріне жібердік. Саябақ әкімшілігіне хабарладық. Оны 30 минуттан кейін сыртқа шығарды, – деп еске түсірді Әсел Өмірзақ.

Орталықта осындай түрлі қызықты оқиға да болып тұрады екен. Тіпті бейтаныс біреу орталық операторының дауысына ғашық болып қалғанын айтыпты.

– Бірде «109»-ға консультация алу үшін бір жігіт хабарласқан. Консультацияны толығымен алғаннан кейін ол оператормен таныспақшы болады.

«Қарындас, дауысыңыз сондай әдемі! Сізбен танысуға бола ма? Жұмыстан нешеде шығасыз? Жұмысыңыздан алып кетсем бола ма?» деп те айтқан, – деді Әсел Досымжанқызы.

Сабина КӘКІМЖАН

Астана қаласындағы Нұра ауданының әкімі Жүсіп Жұмағұлов Үркер елді мекенінің тұрғындарымен кездесіп, алдағы жоспарларымен бөлісті.

## АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС



– Үркер – ауданымыздағы жалғыз тұрғын алап. Мұнда 30 мың адам тұрады. Бірнеше жылдан бері желілер, жол салу, абаттандыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Әріптестерім көп мәселенің шешілуіне ықпал етті, дегенмен алда әлі атқарылатын жұмыс аз емес, – деді аудан басшысы.

Аудан аумағындағы көшелерді асфальттау және желілерді салу жергілікті тұрғындар мен инспектордың мұқият қадағалауымен жүзеге асып келеді. Бұл ретте Жүсіп Жұмағұлов барлық тұрғынға қолайлы жағдай жасауды бақылауға алатынын атап өтті. Айтуынша, кейде 5-6 гектар жерге бір үлкен сквер салғанша, бірнеше көшеде

шағын кеңістіктер жасауға болады.

– Ал кейбір шешімдерге сараптау қажет. Мәселен, тұрғын алабымызға мектеп керек. Оны әкімдіктің тарапынан бөлінген жерде емес, ата-аналар мен балаларға ыңғайлы жерде салуды ойлап атқарылатын жұмыс аз емес, – деді әкім.

Атап айтсақ, бірнеше көшеге тас төсеуді, жасанды жол бұғаттарына рұқсат алуды, мердігердің кесте жұмысын қарауды ұзаққа созбай-ақ, дүйсенбіден-ақ бастауға болады. Жалпы, елді мекен тұрғындарын толғандырған мәселе көп. Әр мәселенің нәтижесімен міндетті түрде бөлісіп отыратын боламын, – деді әкім.

## ЖАҢА ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ПАЙДА БОЛАДЫ

Ауа райының жылынуымен Алматы ауданында жаңа қоғамдық кеңістіктердің құрылысы басталды.

Ағымдағы жылы Кенен Әзірбаев көшесіндегі 10, 12 және 14 үйлердің қасында жалпы ауданы 2350 шаршы метрді құрайтын қоғамдық кеңістік пайда болады. Бұл жерде тұрғындардың өтініші бойынша балаларға арналған ойын алаңы, футбол алаңы және воркаут алаңы жабдықталады.

Сондай-ақ Қордай-Тайқазан көшелерінің қиылысында да қоғамдық кеңістік құру жоспарлануда. Жалпы ауданы 2 485 шаршы метрді құрайтын болады. Бұл нысан бойынша бүгінгі таңда дайындық жұмыс-

тары жүргізілуде.

Алматы ауданы әкімі аппаратының баспасөз орталығы мамандарының мәлімдеуінше, өткен 2022 жылы аудан аумағында 4 қоғамдық кеңістік, атап айтсақ, Жерұйық-2, Р.Қошқарбаев даңғылы – Қордай көшесі қиылысында, «Встреча» сауда үйінің маңында және Интернациональный тұрғын алабында ашылған болатын. Бүгінде бұл жерлер қала тұрғындары мен қонақтары үшін бос уақытын пайдалы өткізетін тартымды орталықтарға айналып келеді.



## ӨНДІРІСТЕ ӨЗГЕРІС КӨП

Өндіріс тұрғын алабының тұрғындарымен болған кездесуде су және электр қуатымен жабдықтау мәселесі талқыланды. Жиынға Байқоңыр ауданының әкімі Ерлан Жаулыбаевпен бірге «Астана-АЭК», «Астана су арнасы» мекемелерінің басшылары және басқа да жауапты мекемелердің өкілдері қатысты.

Бүгінгі таңда ауданның тұрғын алаптарындағы кейбір мекенжайларда электр жарығының жиі сөнуі бойынша өтініш-шағымдар жиілеген. Жиын барысында электр жарықтарының үзіле беруі мезгілінен кейінгі зақымданумен байланысты екені анықталды. Сонымен қатар, сумен жабдықтау мәселесі де қаралып, тұрғындардың талап-тілегі тыңдалды.

Аталған жиын барысында

көтерілген мәселелер бойынша аудан басшысы «Астана-АЭК» және «Астана су арнасы» басшыларына тиісті тапсырмалар беріп, өзекті мәселелердің шұғыл түрде шешімін табуын тапсырды.

Аудан басшысы Кирпичный тұрғын алабында болып, Астана қаласы Көлік және жол көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының, «Elorda Eco System» өкілдері және басқа да жауапты мамандардың қаты-

суымен көшпелі жиын өткізді. Аралау барысында тұрғын алаптың ағымдағы жылға арналған жоспары талқыланды. Оның ішінде Ырыс көшесі бойынша тротуарды жайластыру, сондай-ақ республикалық медициналық академия ауданындағы Чехов көшесі бойында су бұру, күлге арналған контейнерлер орнату, ағаш отырғызу мәселелері қаралып, аудан басшысының тарапынан тиісті тапсырмалар берілді.







## КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ БОЛАШАҒЫ ҚАНДАЙ?

Қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету – «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының негізгі міндеттерінің бірі. Биылғы тамыз конференциясы білім саласына ерекше талаптар қойып отырғаны белгілі. Колледжде балалардың тегін білім алып, білікті маман болып қалыптасуы – мемлекеттің айрықша бақылауында.

Астанада «Қазтұтынуодағының жоғары колледжі» білім мекемесінің базасында «Қазақстан Республикасындағы орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың заманауи тенденциялары» тақырыбындағы «Экономика және маркетинг» бағыты бойынша панельдік сессия өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасындағы кәсіптік білім беруді жаңғырту шеңберінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарын талқылау және жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестікті нығайту.

### МАМАНДЫҚТАР СҰРАНЫСҚА ИЕ МЕ?

Жиынға ҚР Оқу-ағарту министрлігінен, қалалық мәслихаттан депутаттар, Астана қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығынан», ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасынан, елордалық Кәсіпкерлер палатасының өңірлік кеңес мүшелері, Астана қаласы әкімдігінің «Халықты жұмыспен қамту орталығынан», ТЖКБ әлеуметтік серіктестері, бизнес-қауымдастықтың жетекші мамандары, колледж педагогтары, ата-аналар, студенттер қатысты.

Астана қаласының «Қазтұтынуодағының жоғары колледжі» білім мекемесінің директоры Мырзабек Күжімов кіріспе сөз сөйлеп, жиынға модератор болды.

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Олжас Омар құттықтау сөз сөйледі.

«Атамекен» ҰКП адами капиталды дамыту Департаменті директорының орынбасары Ләззат Шонаева «Еңбек нарығының сұранысына сай кәсіптік білім беру сапасы» тақырыбында баяндама жасады.

ҚР ОАМ техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің мазмұн және әдістеме басқармасының басшысы Гүлмира Ошақбаева «ТЖКБ-де академиялық дербестікті ескеретін білім беру бағдарламалары» тақырыбында осы саладағы өзекті мәселелерді қозғады.

«WorldSkills – негізгі міндеттері және даму перспективалары» туралы ТЖКБ саласында

сарапшы Санжар Татибеков айтты.

«Кәсіпорындардың сұранысы бойынша кадрларды мақсатты даярлау – жоғары сапалы тәжірибеге бағытталған кәсіптік білім беруді дамыту факторы ретінде» атты баяндамасында «СКИФ ТРЕЙД» ЖШС Солтүстік өңірлік HR директоры Камила Жумадилова «Жұмыс беруші кәсіпорын қажетті мамандарға сұраныс беру арқылы өз өндірісіне сай даярланған кадрларға ие болады. Оқу нәтижесі бойынша кәсіпорын студенттерден қорытынды емтихан қабылдайды. Сондай-ақ кәсіпорын «колледж-студент-кәсіпорын» үш жақты келісімшартына сәйкес, оқуын аяқтаған студентті жұмысқа орналастыруға міндетті» деді.

Астана қаласы әкімдігінің Astana Polytechnic жоғары колледжінің арнайы пән оқытушылары А.Маматжанова мен М.Сембина «Академиялық еркіндік – жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында баяндама жасады. Astana Polytechnic жоғары колледжі 2018 жылы және 2021 жылы колледж Астана қаласы бойынша колледждер арасында «Үздік колледж» атанып, 10 000 000 теңгеге әкім грантын ұтып алған оқу орны. Колледжде IT-технологиялар бойынша құзыреттілік орталығы ашылды. Бұл – цифрлық сала бойынша мамандарды даярлау жүргізілетін орталық. Ол – сарапшылар пулын, басқа колледждердің және тіпті басқа өңірлердің оқытушыларын кәсіби тұрғыдан жетілдіруге арналған, сондай-ақ WorldSkills әлемдік жұмысшы мамандықтар чемпионатына қатысушыларды даярлайтын жаттықтыру базасы.

Сонымен қоса, колледжде орналасқан «КНАУФ», «BOSCH», «ТехноНиколь», GROHE атты ресурстық орталықтар жұмыс жасайды. Bosch Thermotechник оқу орталықтары материалдық-техникалық базаны толықтыра отырып, студенттердің тәжірибелік машықтарын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Астанадағы автомобиль электроникасы және электромобиль бойынша жалғыз «ExtLab» зертханасы» жұмыс жасайды.

Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледжінің арнайы пәндер педагогы К.Ахметов «Маркетинг мамандарын даярлаудағы заманауи тенденциялар» туралы айтса, ВТБ/Казахстан банкінің жеке

тұлғаларға қызмет көрсету бөлімінің басшысы, Астана қаласы Д.Қонаев атындағы колледжінің әлеуметтік серіктесі Самғат Айтжан «Кәсіби ұтқырлық – еңбек нарығында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың негізі» тақырыбында өзекті мәселелермен бөлісті.

### АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ НЕДЕ?

Шын мәнінде, әсіресе экономикалық және жеке, кәсіби тұрғысынан қарағанда артықшылықтар өте көп. Колледжде 2 немесе 3 жыл оқудан кейін жасөспірімнің нақты мамандығы болады, яғни ол белгілі бір салада жұмыс істеу үшін қажетті білімдер мен дағдыларды толық меңгереді. Оның үстіне, колледжде ұсынатын көптеген мамандықтар өте сұранысқа ие. Ал маманның дипломы – бұл өз бетінше ақша табу мүмкіндігі, сол арқылы отбасындағы қаржылық жағдайды жақсартуға және де ата-аналарға оқыту процесінің өзі үшін ақша берудің қажеті жоқ, өйткені оқушы бюджеттік негізде стипендия ала отырып оқи алады. Бірақ, бұл колледжеге түсудің барлық оң жақтары емес.

Қаржылық тәуелсіздікпен бірге жас жігіт немесе бойжеткен неғұрлым сапалы тұлғалық өсудің бірегей мүмкіндігін алады, өйткені оқыту шарттары оқушыларда жауапкершілік, ұйымшылдық, дербестік, қиындықтарды жеңе білу және өз уақыты мен ақшасын бағалай білу сияқты қажетті қасиеттерді дамытады.

Міне, 2-3 жылдан кейін, әлі мектеп парталарында отырған немесе жоғары оқу орнында оқуда ұзақ жолын бастап жатқан оның құрдастарына қарағанда, біздің алдымызда ересек білікті маман тұрады. Бұл ретте колледж түлегіне университетке түсуге ешнәрсесі кедергі келтірмейді, колледжде оқу – арманына арман қосып, мақсатына жаңа мұраттарды қол жеткізеді.

Ең бастысы – қоғамда жоғары сұранысқа ие жас маман иесі өзіне ғана емес, еліне де пайдалы еңбек жасап, мемлекетіміздің көркеюіне өз үлесін қосады. Ендеше, кәсіптік білім алған жастарды, мамандарды даярлайтын колледждер – жаңа талаптарға заманға сай жауап беретін зор мүмкіндіктер алаңы деп бағалауға әбден болады.

## ҚОҒАМ ДЕРТІН ҚАЛАЙ ЕМДЕЙМІЗ?

Қоғамдағы ең күйіп тұрған мәселенің бірі – суицид адамның өзіне-өзі қол жұмсауының азаймай отырғандығы. Әсіресе, суицидтің балаларға қарай ауыз салуы ең қорқынышты көрініс, соның ішінде мектеп жасындағы балалардың бұған шарпылуы «жалғыздық» деген рухани дерттің бірден-бір емі «өлу» деп шешетін сана ауытқуы деп психолог мамандар қорытындылап отыр.

Астана қаласының Полиция департаменті және оның аумақтық бөлінісінде 2022 жылдың 12 айы ішінде – 166, 2023 жылдың қаңтар айында 12 суицид фактілері тіркелген. Суицид әрекет жасаудың басты себептерінің бірі – жақындары мен туыстары тарапынан түсінбеушілік, сүйіспеншілік пен қолдаудың болмауы. Сондай-ақ туыстарымен жанжал (ұрыс, сөзге келіспеушілік), дұрыс тәрбие бермеу мен технология мен әлеуметтік желілердің әсері, дәрі-дәрмек қолданудың мөлшерін білмегендік (ауырсынуды басатын дәрілерді мөлшерден тыс қолдану, тағы басқалары).

Мысалы, мектепте, біртоға

Дөңгелек үстел жұмысына Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Олжас Омар, қалалық Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілі А.Бимендина, VIII сайланған мәслихат депутаттары – М.Ажикенова мен Б.Қасымбергераев, мектеп психологтары, педагогтар қатысты.

– Мемлекет басшысы жақында осы бағыттағы жұмыстарды сыңға алды. Онда құзыретті органдардың жастар арасында суицидтік ахуалды жақсарту жұмыстары көңіл көншітерліктей емес екенін айтты. Мәңгі қызметім – үкіметтен алымайтын таза қоғамдық жұмыс, штатта мамандарымыз да жоқ,

деу бөлімінің басшысы К.Капанова кез келген індеттің емі болатыны секілді суицидтің де алдын алуға болатындығын атап өтті. Суицидолог маман М.Смецкой маман кадрлардың жетіспеушілігінен, қоғам зәру болып отырған мамандардың жалақысы мардымсыз екендігін алға тартып, халық қалаулыларына, құзыретті орган өкілдеріне бұл мәселе шешілмейінше, балалар, жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу жұмыстарында ілгерілеушілік болмайтындығын ашына айтты. «Бұрын психолог-суицидолог маман ретінде маған күйзеліске түскен, жағдайын айтып айына 3-4 бала келсе, қазір олардың саны



момын балаларды бұзық мінезді балалар үнемі басынуы, осындай біртоға балалардың әртүрлі шаралардан шетқақпай қалып қорлануы, сабағының нашарлау көрсеткіште болуынан әркез төменшік жүруі, өз үйінде ата-анасының да мейірім назарынан тыс қалуы, сөйте тұра осындай біртоға балалар «еліктегіш», «көргіш», «естігіш» секілді серек балаларға қарағанда «сезгіш» болуы әлгіндей айналасынан келіп жатқан жайсыз әрекеттерден жандуниесіне түскен ауыртпалықтарды ұзақ көтеруге шамасы жетпей, жас көңілі мына сұрқай өмірден әбден түңіледі екен.

Түңілудің соңы тұйыққа тірелу, алды тас қараңғы ілгері басар жолы қалмаған, арты әлгіндей қатыгез... міне, мойнына бір жіп салса болды, онсыз да бүкіл болмысы өлім торына келіп өзі түсіп тұр!

Сондықтан да білім мекемелерінде оқушылардың, жасөспірімдердің қатысуымен ата-аналар және педагогтармен алдын алу іс-шараларын өткізу өте маңызды. Сондай жиынның бірі Астана қаласында әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында өткізілді. «Кәсіпкерлікке толмағандар арасында өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу жұмыстарында ведомствоаралық өзара іс-қимыл» дөңгелек үстелінде талқыланды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 156 қаулысымен бекітілген 2020-2023 жылдарға арналған балалар құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасындағы суицид мәселелерін шешу жөніндегі Жол картасын орындау шеңберінде Астана қаласының Білім басқармасы елорданың мектептері мен колледждерінде бірқатар іс-шараларды жүзеге асыруда. Кәсіпкерлікке толмағандар арасындағы суицидтік мінез-құлқы қоғамдағы өткір мәселелердің бірі болып қала береді. Бұл жұмыстың тиімділігін барлық құзыретті құрылымдардың нәтижелі ведомствоаралық өзара іс-қимылы арқылы ғана арттыруға болады.

тәжірибелі педагог ретінде қолымнан келгенінше мектептерде, колледждерді жасөспірімдерге психологиялық қандай көмек бере аламыз деген мәселемен бас қатырып жүргенімізге біраз болды. Ата-аналарға мыңдаған сауалнама жолдап, жауабын алғанын оны талдап, талқылай келе мынаған көз жеткіздік, суицидке әсер ететін жағдай, біріншіден – әлеуметтік желідегі әлімжеттік, буллинг, сосын отбасындағы ұрыс-керіс, кикілжің, өкінішке қарай, баланың өмірден бас кешуіне апарып соғады. Мектептерде балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша да біраз іс-шараларды өткізіп жүрміз. Сонда байқағанымыз – тағы да мамандар жетіспеушілігі немесе азғантай жалақыға жұмыс істеп жүрген полиция қызметкерін немесе психолог мамандарын өз елінің патриоты демеске лажың жоқ. Не істемек керек? Маман жетіспесе, мектептердегі класс жетекшілеріне қиын жағдайға тап болғанда әрі дәрігер, әрі полиция, керек болса, психолог маман ретінде жедел әрекет етуге тура келетінін, солардың ғана қолынан шұғыл көмек боларын айтқымыз келеді. Жұдырықтай жұмылғанда ғана бар байлығымыз, бақытымыз – балаларға, болашағымызға қызмет ете алатын боламыз. Жаңа Қазақстан болуымыз үшін барынша жүкті жұмыла көтергеніміз абзал, – деді А.Бимендина.

Дөңгелек үстел спикерлері Жергілікті полиция қызметі басқармасының ювеналды полиция бөлімінің бастығы, майор Н.Дошанова, Астана қаласы полиция департаментінен А.Жиенбаева, ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс қызметінің басшысы, № 3 қалалық емхананың алдын алу және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімшесінің меңгерушісі Н.Протченко, «Жас толқын» ұйымынан өкілдер, психолог-суицидолог М.Смецкой, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» психологиялық сүйемел-

26-дан асады. Балалар психологы өте аз, тікелей суицидтің алдын алумен айналысатын маманның лайықты біліктілігі жоқ, шетелде оқуға, тәжірибе алмасуға денсаулық сақтау органдарынан ұсыныс та жоқ, ықылас та жоқ, шетелге тәжірибе алмасуға маман емес, бұл проблемадан ауылы алыс кадрлар кетіп жүр, ал балалармен жұмыс істейтін мектеп психологтарының деңгейі шектеулі олар әрі кетсе, скрининг пен тренинг жасаудан артылмайды. Ал қиын жағдайға тап болған кадрлармен қамтамасыз етілігін арттырған, осы мақсатта миллиондап қаржы жұмсаған білімді кадрлар керек. Олардың жалақысын көрсен, мардымсыз, бұл саладан кетіп жатқандар да аз емес. Бұл мәселені үкімет кешенді түрде шешпейінше, маман кадрлармен қамтамасыз етіп, жалақысын көтермейінше, бұл істе әлдеқандай бір ілгерілеушілік бола қоймай деп айта алмаймыз» деді Михаил Смецкой.

Дөңгелек үстелге қатысушылар көмекке толмағандар арасында суицидтің алдын алу жұмысында ведомствоаралық өзара іс-қимыл жасау, ҚР Үкіметінің жол картасы пункттерін орындау шеңберінде бірлескен, әрі қарай шешімдер қабылдау мүмкіндіктерін талқылады. Қайтсек те, суицидтік көңіл-күйдің алдын алу іс-шараларына бейжай қарамауымыз қажет. Осы тақырып ғаламтор жайлаған жаһанданду заманындағы ең өзекті мәселенің бірі ретінде қала береді.

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – еліміздің әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі. Дөңгелек үстелге қатысқандардың көмекке толмағандар арасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың, суицидтік іс-әрекеттердің алдын алу бойынша айтқан ұсыныстары ой саларлық. Балалардың игілігі үшін мұндай маңызды іс-шаралар, жұмыстар жыл бойы жалғаса беретін болады.





Таңатар  
ТӨЛЕУФАЛИЕВ

### ҰЛТТЫҚ ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРМАҚ

Ұлттық банктің тұжырымынша, цифрлық теңгенің өмірге келуі «смарт-контракт» тетіктерін пайдалана отырып, нарықтық қарым-қатынастардың үдемелі мүмкіндіктері жағдайында жаңа төлемдер сервисін қалыптастыратын болады. Бұл нарықтағы төлем қызметтерінің өсуіне жол ашатын бірден-бір қадам деп бағалануда.

Егер бұл жоба жүзеге асатын болса, Қазақстан өз валюта-сын сандық негізге көшірген елдердің көшінен қалмай, әрі бұдан былай зейнеткерлер де зейнетақыларын киберфор-матта алар еді.

Цифрлық теңге – жаңа үлгі. Ол қолма-қол ақшаның да, карточкадағы ақшаның орнына жүреді. Былайша айтқанда, қатар қолданыла береді. Мамандар оның айналымға енуі - ұлттық төлем жүйесін жақсартып, ақшамыздың құнсыздануын тоқтатады деп отыр. Цифрлық теңге криптовалютаға жатпайды. Оның қағаз ақшаға айыр-бастаудағы бағамы – 1-де 1 болмақ. Оны тек Ұлттық банк басып шығарады әрі Қазақстан Республикасының ішкі айналымында ғана жүреді.

Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша, қазір әлемнің 39 орталық банкі сандық ақшаны тәжірибе жүзінде сынақтан өткізуде. Еуропа мен Жапонияның басты банктері «Stella» жобасын бірлесіп жүзеге асыруға ынталылық танытып отырса, Қытай «DC/EP-ді», Канада «Jaspeg-ді», Сингапур «Ubin-ді», Украина «e-Nyuvnia-ді» шығарып, 2016-2017 жылдан бері цифрлық ақшаны пайдаланудың түрлі тетіктерін байқап көріп, халықтың талқысына салуда. Ал Бағам мен Камбоджа мемлекеті биыл сандық ақшаны бірден пайдаланбақшы.

Осы елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, бұл жерде халыққа тиімді болып келетіні – сандық «әлеуметтік әмиян». Ол мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін шұғыл төлеуге немесе әлеуметтік төлем аясында шығындарға бақылау жасауға мүмкіндік береді. Екінші сөзбен айтқанда, бюджет қаржысының ашықтығына, оның мақсатты жұмсалыуына ықпал етеді. Мәселен, Е-теңге жаңа мектептің қабырғасын қалау үшін кірпіш сатып алуға жоспарланса, оны ешкімнің де басқа мүддеге пайдалануына еш мүмкіндік болмайды. Бәрі айнадағыдай көпшіліктің көз алдында ап-айқын көрініп тұрады. Сондықтан бұл жерде көлеңкелі экономиканың да жолы кесіліп, Қазақстан экономикасының қоржыны толығады. Салық айналымы базасы ұлғаяды деп нақты тұжырым жасап отыр сарапшылар.

## ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ: ОЛ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Астана қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ғалымжан Пирматовтың қатысуымен брифинг өткізілді. Негізгі әңгіме алдағы уақытта еліміздің бюджетіне цифрлық (сандық) теңгені енгізу мәселесі төңірегінде өрбиді. Қазіргі инфляцияны ауыздықтау нағыз бас ауруына айналып тұрған кезде мұндай бастамалардың түп негізі – ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттырып, нақты ақшаның айналымын бәсеңдету сөйтіп, теңгенің нығайуына ықпал ету.

### БАС БАНКТИҢ ҰШ ҰСЫНЫСЫ

2021 жылы Мемлекет басшысы үкіметке азаматтардың «әлеуметтік әмиян» есепшотын ашуды тапсырды. Бұл – елдің әр тұрғынына е-Gov. тұғырнамасында автоматты ашылуы керек жоба. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы есепшотқа зейнетақы, төлемақы, өтемақы, тағы да басқа әлеуметтік төлемдерді аударып тұруы қажет.

– Осы тапсырма қазір біртіндеп жүзеге асырылып келеді. «Әлеуметтік әмиян» ұялы телефондағы қосымша ретінде қолданысқа енгізіле бастады. Бір шоттан екінші шотқа ақша аудару, телефон теңгерімін толтыру, дүкен-терден сауда жасағанда картамен ақша төлеу – осының барлығы цифрлық ақшаның алғы шарттары «әлеуметтік әмиянға» жатады, – дейді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Цифрландыру және мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру департаментінің директоры Әлихан Әбілғазинов.

Енді банк шоттарынан бөлек халыққа мақсатты әлеуметтік көмек көрсету міндеті тұр. Аталған министрлік Ұлттық банкпен бірлесіп отырып, осы жылы жобаны жүзеге асырудың барлық мүмкіндіктерін қарастыратын болады.

Ұлттық банк өзінде цифрлық ақшаны енгізудің нақты бір тұжырымын айқындаған жоқ. Бірақ үш нұсқаны алға тартып отыр.

Біріншісі – тікелей емес мүмкіндіктегі қарапайым екі деңгейлі жүйе. Мұнда Орталық және коммерциялық банк делдал ретінде көрінеді. Реттеуші банкіні бақылайды, қалғандары жеке және заңды тұлғалармен жұмыс жүргізеді. Екіншісі – тікелей делдалсыз тек орталық банкпен жұмыс жүргізу. Жүйе пирамидаға ұқсайды. Бірақ тұрақты. Әсіресе, шағын кәсіп ашқан кәсіпкерлер үшін мүмкіндігі жоғары. Ал Ұлттық банктің үшінші

ұсынысы – гибридік үлгі түрінде. Орталық банк пен делдал көтерме банктер резервтік инфрақұрылымдарды қатыстыра отырып, базалық басымдықты қалыптастырады. Бұған қоса, жаңа валюта ақшалай немесе қаржылық тұрақтылыққа әсер етпеуі керек, ақшаның қолданыстағы түрлерін толықтыруы тиіс,

сына» көшкен кезде өз алдына бөлек әмиян ашылуы керек шығар? Бұл транзакция бағасын төмендетіп, «операциялық күн» деген ұғымды жояды. Банкілерде барлық жүйе автоматты түрде адамның қатысынсыз жұмыс істейтін болады.

Цифрлық теңге блокчейнге енгізіліп, ақша қатаң бақылау-

### ЦИФРЛЫҚ ТЕҢГЕ БЛОКЧЕЙНГЕ ЕН- ГІЗІЛІП, АҚША ҚАТАҢ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ. БҰЛ КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКО- НОМИКАНЫҢ ЖОЛЫН КЕСЕДІ

төлем тиімділігін арттырып, инновацияны дамытуға ықпал етеді деп күтілуде.

Міне, осының барлығы – цифрлық теңгені жан-жақты қолданысқа енгізу жолындағы Ұлттық банктің алға тартып отырған ұсыныс жобалары. Бұған осы саланың майын ішкен, қаржыгерлер мен банк қызметкерлері тиісті бағасын беріп, өздерінің ой-пікірлерін айтады деп ойлаймыз. Әйтпесе, мұндай тың нәрсеге қатардағы қарапайым салымшының немесе тұтынушының тісі бата бермейді. Жұртшылыққа керекі – күнделікті қолданысқа ыңғайлы, тиімді де тұрақты ақша қаражаты ғана.

### ТҰЖЫРЫМ – МАМАНДАРДА

Халықаралық «Eхпте» инвестициялық компаниясының сарапшысы Болат Санаевтың айтуынша, цифрлық валютаның бірнеше түрі бар көрінеді.

– Мәселен, қазірдің өзінде азаматтар оның кейбір түрлерін пайдаланып та жүр. Бірақ ол әлі сандық ақша деп айқындала қойған жоқ. Ал енді оның «қытайлық нұсқа-

ға алынады. Бұл көлеңкелі экономиканың жолын кеседі. Қазақстан Президентінің «көлеңкелі экономикаға тұсау салу үшін пәтерді де, машинаны да нақты ақшаға алуға тыйым салу керек» деген сөзінің жаны бар. Бізде қазір әлі баспана сатып алатындар бір қап ақшасын өздерімен бірге көтеріп жүреді. Нақты ақша жүрген жерде сыбайластықтың да, қылмыстың да көлеңкесі байқалады. Ал цифрлық ақшада бәрі алақандағыдай көрініп тұрады. Әрі аптасына 7 күн, 24 сағат қаржылық қызметі үздіксіз қолжетімді цифрлық эжокуйеге бір тиын да үстем-ақы (комиссия) алынбайды. Мәселен, ірі мегаполистердегі қоғамдық көліктердің жолақысын төлеу түгелдей сандық теңгеге көшіріліп еді, кейбір кәсіпке отырғандардың қарсылығына қарамай, автопаркер оны бірден өндіріске енгізіп, пайдаланып кетті. Расында да цифрлық ақша үдерісі оның қайдан келгені, қайда түскені, неге арналғаны барлығы көрініп тұрғандықтан, бақылауға оңай, әрі тиімді» дейді қаржы сарапшысы.

**P.S:** *Әрине, бұл төңіректе пікір де сан алуан, алып-қашпа әңгімелер де жетерлік. Соның бәрін қаржыгерлер мен экономистер, банк мамандары мен сарапшылар тұжырымдап, жұртшылыққа кеңінен ұсынса дейміз. Сонда Ұлттық банк те қанатқақты жобалар аясында цифрлық ақшаны тезірек сынақтан өткізіп, халықтың игілігіне пайдалану үшін айналымға шығарар еді.*

### ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙҒА ЖАУАП КЕЛДІ

## АНИМАЦИЯ – ИДЕОЛОГИЯ ҚҰРАЛЫ

Газеттің биылғы жылғы №36 (4469) нөмірінде «Келешегіңді ойласаң, анимацияңды түзе!» атты мақала басылды. Сараптамалық мақаланы Мәдениет және спорт министрлігі назарға алып, жауап берді.

Қоғам қайраткері Әмен Қайдаров негізін қалаған отандық анимация саласы жарты ғасырдан асты. 1967 жылы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» түсірілсе, содан бері 200-ден астам анимациялық фильмі экрандалды.

Бұл ретте, 2022 жылы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «40 өтірік» анимациялық фильмі Ресей мемлекеттік кино қорында цифрландырылғанын айту керек. Оған қоса «Қазақфильм» киностудиясының базасында мемлекет қаражаты есебінен реставрациядан өтті.

2009-2019 жылдар аралығында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ «Ер Төстік және айдаһар», «Қазақ елі», «Құлтегің» 3D, «Мүзбалақ» 2D толықметражды фильмін шығарды. Сондай-ақ 49 қысқаметражды анимациялы өнім дайындады.

Осы бағытта мемлекеттік тапсырыс пен тапсырмалар шеңберінде ұлттық фильмдер шығару, оның ішінде, анимациялық фильмдерге басымдық берілуде.

Бүгінде әлем елдері анимация саласына қатты көңіл бөліп, жаһандандудың бір элементіне айналдырды. Оның айқын дәлелі – түрлі деңгейдегі байқаулар мен фестивальдерді тұрақты өткізіп, өз өнімдерін насихаттауды жолға қойды. Халықаралық фестивальдерде отандық анима өнімдері жүлде алып, ұлттық таным мен тағылымды дәріптеуде. Мәселен, Германияда өткен халықаралық XXIV Schlingel фестивалінде «Мүзбалақ» толықметражды анимациялық фильмі сыншылардың жоғары бағасын алып, «Үздік анимациялы фильм» жүлдесіне ие болды.

2019 жылы министрліктің тапсырысы бойынша 4 анимациялық фильм аяқталды. Соның қатарында көрерменге ерекше ұнағаны «Менің атым Қозы» және «Батғыл қояндар» қысқа метражды анимациялық фильмі бар. 2020 жылы пандемияға байланысты анимациялық фильмдер түсірілген жоқ. 2021 жылы 3 анимациялық фильм жарыққа шықты.

Әлеуметтік желілер адамдарға педагогикалық-психологиялық тұрғыда әсер етуі кеңейіп келеді. Әсіресе, жеткіншектердің қалыптасуында YouTube пен TikTok-тың ықпалы зор. Мұны мойындаймыз. Осы себепті телеарналар мен студиялардан бөлек, азаматтық қоғам әлеуметтік желіде жасөспірімдерге арналған сапалы контент шығаруға мүдделі танытуы керек. 2019 жылдан бері «Қазақфильм» киностудиясы өзінің ресми YouTube арнасында өздерінің төл өнімін таратып келеді. Бүгінде көрермендер тегін 20 мультфильмді көре алады, олардың ішінде төрт толықметражды анимациялық фильм бар.

Бұдан басқа, 2022 жылы «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында өскекен ұрпақтың патриоттық және рухани тәрбиесіне ықпал ететін балалар үшін сапалы отандық анимациялық киноны дамыту және қолжетімді ету мақсатында «Қазақанимация» шығармашылық бірлестігі құрылды.



Жоба аясында 150-ден астам Қазақстанның шығармашылық жоғары оқу орындарының студенттері мен анимация саласының мамандарының арнайы шетелдік анимация саласының жетекші мамандарының тәжірибелік сабақтар мен мастер-кластарынан өтті. Нәтижесінде, 20 есептік анимациялық жоба жарыққа шықты.

«Қазақанимация» – Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы анимациялық контент өндіру бойынша ірі анимациялық кластер. Бірлесіп анимация саласы мамандарының біліктілігін арттыру және шетелдік білікті мамандармен тәжірибе алмасуда интеграциялық қызмет атқаруда. Яғни елдің анимациялық компанияларының шығармашылық әлеуетін біріктіруге және сапалы анимациялық жобалар дайындауға мүмкіндік беретін әмбебап өндірістік және білім беру алаңына айналды.

2021-2023 жылы киностудияны жаңғырту бойынша жұмыс жүргізілуде, оның шеңберінде арнайы жоғары технологиялық жабдықтар сатып алынды, бұл жоғары сапалы анимациялық фильмдерді қысқа мерзімде жасауға мүмкіндік береді.

«Қазақфильм» киностудиясы мен өзге анимациялық студиялар арасында тәжірибе алмасу және сабақтар мен мастер-кластар жиі өткізіледі. Осылайша, қазақстандық студенттер мен жас мамандар анимациялық өнімді жасауда теориялық және практикалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік алды.

Бюджет қаражатының жалпы көлемінің шамамен 70 пайызы бәсекелестік ортаға, конкурстық негізде елдің анимациялық киностудияларына, отандық анимациялық студияларды дамыту үшін олардың пилоттық анимациялық жобаларын қаржыландыру түрінде жіберілетінін атап өтеміз.

Жалпы анимацияны идеология құралы ретінде дамытып, жеткіншектерді сапалы контентпен қамтамасыз етуді басымдық етуге мән беріп келеміз. Бұл істе әрбір отандас жауапты екенін де жақсы білеміз. Шетелдің тәжірибесіне сүйенсек, жеке тұлғалар YouTube арналарды бизнес құралына айналдыруда балаларға қажетті өнімдерді түсіретінін жақсы білеміз. Сөйтіп, бір жағы, қаржы табады, екінші жағы, сапалы контент өндіріп, елінің келешегіне инвестиция құюда.

Нұрқиса ДӘУЕШОВ,  
Мәдениет және спорт  
вице-министрі



# СЫН САҒАТТА СЫР БЕРМЕЙДІ

Адам өміріне араша түсу, айтып келмейтін апатпен арпалысу, төтенше жағдайға төтеп беру – бұл жүрек жұтқан жандардың ғана ісі. Күн сайын өз өмірін қатерге тігетін құтқарушы болу, әсте, екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сын сағатта өзгеге көмек қолын созатын жандар қатарында Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі жедел-құтқару жасағының бас құтқарушысы Азамат Жұмабаев бар. Елордалық азамат таймас табандылығының арқасында бауырлас түрік елінде болған зілзала кезінде үш адамның өмірін өлімнен арашалап қалған.

**Индира  
БЕРЖАНОВА**

**М**ансап жолын құтқарушы елорданың Төтенше жағдайлар департаментінде 2015 жылдан бастады. Кәсіби құтқарушы болу – бала арманы. Уақыт өте келе арманын мақсатына айналдырған ол құтқарушыларды дайындайтын еліміздегі жалғыз жоғары оқу орны – Көкшетаудағы Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғаныс академиясында білім алды. Тілсіз жау төтеннен тап бергенде, билек сыбана кірісетін жігерлі жастардың сапы осында тәрбиеленеді.

Азамат та ержүректердің қатарынан табылды. 8 жыл қызметінде ол алуан оқиғаның да куәсі болыпты. Талай адамды ажал ауызынан арашалап, талайға өмір сыйлады. Оның көпке көмектесуге дайын тұратыны,

қайтпас қайсарлығы, мамандығына адалдығы өз ортасында аз уақытта беделді етті. Сөзінше, жасақ құрамындағы жігіттердің бәрі де жұмысын абыройлы атқарып жүр.

– Құтқарушы жұмысының қиын тұсының бірі – жол-көлік оқиғаларында мүрдені алып шығуға, жарақатынан қан тыйылмағандарға жедел көмек көрсету. Осындайда көп адамның жүрегі шыдамайды. Ал құтқарушы мұндайда сыр бермеуі тиіс. Бірақ әркім бұл салаға келе бермейді. Әуел баста тағылымдамадан өтіп, кейін іске көшкенде шыдамағандар талай болды. Жұмысқа қызығып, бірақ аз жалақыға келіспегендер де кезікті. Яғни мұнда тек саланы сүйіп таңдағандар қызмет етеді, – деді бас құтқарушы.

«Жігітке жеті өнер де аз» демекші, құтқарушы – сан қырлы мамандықтың иесі. Жұмыс барысында стропальщик те, сүңгуір де, альпинист те, тіпті

фельдшер де болады. Құтқару қызметінің шегі белгіленбеген. Маман жұмыстан тыс жерде де ажалға араша түсуге даяр. Азаматтың айтуынша, медициналық көмектің арқасында өмірге қайта келген адамдар саны көп. Мұның бәрі құтқарушының күнделікті қызметінің бір көрінісі ғана. Денсаулығына қауіп төндіре отырып жұмыс атқарған оның басты міндеті – апатқа жол бермей, халықтың тыныш өмірін, өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ал қауырт, ауыр жұмыс құтқарылған адамдардың алғысымен бағаланады.

– Диспетчерлік бөлімнен күніне 10-15 шақты хабар түседі, кейде түспейтін де жағдайлар болады. Иә, кез келген хабарға біз сақдай сай болуымыз қажет. Бастысы – шапшаңдық пен сабырлық. Хабарлардың сипаты да әртүрлі. Оның ішінде астанада ата-ананың баласын пәтерде қараусыз қалдырып кету жағдайлары жиі кездеседі. Өз-өзіне қол жұмсау жайты да қайталанатын. Мәселен, мынадай жағдай болды. 1992 жылғы қыз құрбысының шалған хабарлама, қоңырауына, есіктің шырылына жауап қатпаған. Содан ол қыздың әпкесі келіп пәтерді кілтпен ашпақ болғанда, есік ашылмады. Біз терезе арқылы арнайы құрал-жабдықтың көмегімен ішке кірдік. Сөйтсе ол қыз көп мөлшерде дәрі ішкен екен. Кейін дәрігерлерді шақырып, аман алып қалдық. Сол сияқты көпқабатты үйдің бірінде бір ер адам суицидке бармақшы болған. Біз жеткенде, жақыны болу керек, бір әйел адам айғай-шу шығарып, көршілерімен бірге балға алып, есікті бұзбақ болған. Жасақ есікті бұзып кірді. Құтқа-



рушылар алғашқы медициналық көмекті меңгерген. Сондықтан мен жүрек-өкпе реанимациясын жасадым, содан ол кісі аман қалды, – деді ол.

Құтқарушылар орны әсіресе Түркиядағы жойқын зілзала кезінде байқалды. Бас қаладан аттанған 20 маманның қатарында Азамат Жұмабаев та болып, қас-қағым сәтте қанша адамның өмірін жалмаған ғасыр апатын өз көзіме көргенім, елордалық жасақтың үш адамды қалай аман алып қалғанын айтты.

«Түркияда барлығы 12 күн болдық. Алдымен Газиантепке, кейін Нұрдағы қаласына бардық. Нұрдағы жер сілкінісі салдарынан толығымен жермен-жексен болып, шаһарда қираған үй мен құлаған ғимараттар санында есеп жоқ еді. Жер сілкінісін көрмеген соң, құтқарушыларға жұмыс істеу қиынға соқты. Десек те үлкен тәжірибе жинадық. Қалаға келгенімізге шамамен бес күн болғанда, тірі жан табыла қоймас деген ой болды. Бірақ сол күні екі әйел адамның дауысын естіп, оларды үйінді астынан алып шықтық. Қызығы, дәл сол жолда құлағының мүксі бар еркекті де таптық. Ол темір есіктен шыға алмай қалған еді. Оны алып шығуға шамамен 4-5 сағат уақыт кетті» деп еске алды А.Жұмабаев.

Халықаралық деңгейде ерлік көрсеткен құтқарушылардың еңбегі елеусіз қалған емес. Аза-



мат Жұмабаев еселі еңбегі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаты мен ведомстволық наградасымен марапатталды. Айтуынша, бұл – оның тәжірибесіндегі үлкен жетістіктің бірі.

«Құтқарушы – жай ғана мамандық емес, өмір салты» деген сөз құтқарушылардың арасында жиі айтылады. Ақтарған жұмысы үшін өзгенің алғысына бөленуден артық марапат жоқ. Біздің мақсатымыз да сол – адал қызмет. Салада өзекті болып тұрған жалақы, баспана, зейнет кетті» деп еске алды А.Жұмабаев.

Халықаралық деңгейде ерлік көрсеткен құтқарушылардың еңбегі елеусіз қалған емес. Аза-

мат Жұмабаев еселі еңбегі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаты мен ведомстволық наградасымен марапатталды. Айтуынша, бұл – оның тәжірибесіндегі үлкен жетістіктің бірі.

«Құтқарушы – жай ғана мамандық емес, өмір салты» деген сөз құтқарушылардың арасында жиі айтылады. Ақтарған жұмысы үшін өзгенің алғысына бөленуден артық марапат жоқ. Біздің мақсатымыз да сол – адал қызмет. Салада өзекті болып тұрған жалақы, баспана, зейнет кетті» деп еске алды А.Жұмабаев.

Халықаралық деңгейде ерлік көрсеткен құтқарушылардың еңбегі елеусіз қалған емес. Азамат Жұмабаев еселі еңбегі үшін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаты мен ведомстволық наградасымен марапатталды. Айтуынша, бұл – оның тәжірибесіндегі үлкен жетістіктің бірі.

«Құтқарушы – жай ғана мамандық емес, өмір салты» деген сөз құтқарушылардың арасында жиі айтылады. Ақтарған жұмысы үшін өзгенің алғысына бөленуден артық марапат жоқ. Біздің мақсатымыз да сол – адал қызмет. Салада өзекті болып тұрған жалақы, баспана, зейнет кетті» деп еске алды А.Жұмабаев.



## ЕҢБЕК – БӘРІН ДЕ ЖЕҢБЕК

Осы күні жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүруге бейім пысықайлар көбейіп кеткендей көрінеді. Оларда белгілі бір нәтижеге жету үшін белгілі бір уақыт көлемінде маңдай терін төгіп, берекеге қол жеткізу деген ұғым жоқ. Бұл үрдіс жастардың арасында тарап келеді. Ұлдарымыз тәлімі мен тәжірибесіне қарамай, дәл қазір бірден уыстап ақша тапқанды қалайды. Қолынан бәрі келіп тұрса бір сәрі-ау. Әйтеуір көкірегі аспанда.

**Айгүл  
УАИС**

Қыздарымыз одан да асқан, мол байлыққа бір сәтте кенеле қалсам дейді. Өмірлік ұстанымынан адам шошиды. Адамзат игілігінің негізі – еңбекте, тіпті біздің заманның ұраны болған «Адамды адам еткен – еңбек» деген сөз оларды иландыра ма? Бізді иландырған. Қайда барсақ та, көрнекі жерде жазылып тұратын Энгельстің сөзі өміріміздің мағынасына айналғаны да рас.

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дегендей, бүгінде еңбек етудің мән-мағынасын қалай түсіндіріп, «Өзің сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген Абайдың даналығын қалай жеткізе аламыз?

Шынымен де, адамның өміріндегі еңбектің парқын жасынан түсіндіріп, еңбекке

баулудың жолы қалай? Білетін мамандар баланың еңбекке көзқарасын өлең-жыр, ертегі, жұмбақ-жаңылтпашпен бірге қазіргі заманда мультфильмдерді де қосуға болар, соның кейіпкерлерінің әрекеті арқылы да еңбек дағдыларына бейімдеп, ынталандырудың маңызы зор дейді.

Мұны бір деңіз, ең бастысы, осындай халық ауыз әдебиеті үлгілерінің еңбек адамына деген, еңбектің адам өміріндегі жасампаздық қасиетін ашып көрсете білу маңызды. Екінші тағылым халық педагогикасы дегеннен шығады. Яғни кімнің немен айналысатынын ойыншықтар арқылы түсіндіру. Мамандық, кәсіп иелерінің құпияларымен таныстыру. Мысалы, мал өсіруге қатысты ешкі-лақ, тағы басқа жануарлардың, техникалардың бейнесін, оның өнімін еңбекті насихаттайтын тартымды ойынға айналдыруға әбден болады.

«Көз – қорқақ, қол – батыр» дегендей, баланың ойындағы қорқыныштың алдын алу керек. Яғни кез келген жұмысты атқару үшін талап пен жігер болса жеткілікті деген ұғымды миға қондыра білу де тәрбиенің бір түрі. Жас кезінен бастап өзінің ойыншықтарын жинаса да еңбекке араластырып, өзінің ортаның бір мүшесі екенін сезінгені дұрыс. Көбіне баласын ата-анасы қызмет етіп, киіндіріп, шешіндіріп, тағы басқа өзінің жеке басына қажетті істен қақпайлап отырамыз. Олардың, балаға тән болса да, іс-әрекетін қолдамаған соң, еңбектенудің қажеті жоғын сезініп, бала сырттап қала береді. Өсе келе қолынан түк шаруаға да қыры жоқтар пайда болады.

«Шымшық сойса да қасапшы сойсын» деген сөз істің көзін білетін адамға сенім беретін қа-



сиеттер те еңбекпен, ізденіспен келеді дейді. Бұл біліктілікке, танымдылыққа бастайды. Еңбек дағдысын түсіну, оның қоғамдық мәніне жетіп, өзінің де сол еңбектің арқасында көптеген игілікке жететініне сенімі бекиді. Бұл ретте адамның өзіне сенімі де еңбек дағдысының негізінде қалыптасады. Ешкімнің жетегінде жүрмейтін, өздігінен жол тауып, кісінің қолына қарамай нанын тауып жейтіндер де еңбектен қашпайтындардың, сол еңбекпен шыңдалғандардың арасынан шығады екен.

Бұл бар жағынан да адамның жаңа қасиеттеріне бастайды. Істің көзін біліп, адамдармен тіл табысып, жұмысты жолына қоя білген адамның жолы болғыш келеді. Өйткені өзі көздеген мақсатына жету үшін еңбекқорлығының арқасында алған білімі мен тәжірибесі тынысын ашып, кез келген жағдайдан өз бетінше жол тауып, кісінің қолына қарамай нанын тауып жейтіндер де еңбектен қашпайтындардың, сол еңбекпен шыңдалғандардың арасынан шығады екен.

қырын аша білуі де мақтауға тұрарлық.

Ендігі бір ғалымдар атқарып жүрген жұмысты қызықты, шын көңілмен істеп, нәтижесіне көңілі толып, қуана білсе, онда оны атқарған адамның да өмірі ұзарады депті. Демек, адам өмірінің мағыналы болуы үшін де еңбек ету керек, керісінше болған жағдайда, өзін-өзі танымай, іспен сыналмай, ғұмыры босқа өтуі де ғажап емес.

Жалпы адам баласы дүние есігін ашарда ауыр еңбектің күшімен келеді. Алғаш рет тыныс жолы ашылып, көкірек көзіне сәуле түседі. Сосын араға айлар салып жер бауырлап, еңбектеп, сосын бойын тіктеп жүріп кетуі де бала үшін орасан зор еңбекпен келеді. Әрі қарай да қаз-қаз басып өмірдің белестерін бағындыра бастайды. Еңбек ету, іздену, биікке ұмтылу – табиғи қалпымыз. Еңбек өмірімізді өзгертеді, сапасын арттырады. Қоғамның дамуы бүгінгі қалпы мыңдаған адамның еңбегімен келгенін жасырмаймыз.

«Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген сөз балаға берер бата ретінде жалғасын тапса, тұтас қоғам алға басары анық.



№49 (4482) 27/04/2023 Бейсенбі

## ЕЛОРДАДА – ЕСІМІ

Ол – қазақ халқының эпосы «Қамбар батыр» тақырыбына салған акварель циклдері ел есінде сақталып, ғасырлар бойы жырланып келе жатқан аңызға жан бітіріп, образдарды бейнелеу шеберлігіне ұлттық ерекшелік колоритін қалдырған қылқалам шебері. Фольклор жинау тақырыбын туған жердің тарихын зерттеумен қатар жүргізген суретші майлы бояумен ұлттық тарихтағы қиылы заманды бейнелейтін «Қазақтардың ұлы босуы» атты триптихын, «Исатай-Махамбет», «Балуан Шолақ» пен «Түйе палуан» акварельдерін, азамат соғысының батырлары: Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин, ұлы ақын Абай, тұңғыш рет қазақтың соңғы ханы Кенесары мен ұлы күйші Құрманғазының бейнесін кескіндеген портреттер салды.

Сонымен қатар оның елімізде кенжелеу дамыған би өнерін өркендетуде қосқан үлесі ұлан-ғайыр. Ол Алматы филармониясы жанынан тұңғыш қазақ халық би ансамблін ұйымдастырды. Би ұжымының репертуарын «Қара жорға», «Ақсақ киік», «Қарасай», «Дауыспаз», «Өрмек биі», «Қылыш ойыны», «Айжанқыз» биімен байытты. Кино актері ретінде «Тақиялы періште», «Көгілдір маршрут», «Біздің сүйікті дәрігер», «Қоқиаскер» фильмдеріне түсіп, айрықша актерлік дарынымен көрермен қошеметіне бөленді.

Әубәкір аға шебер домбырашылығымен қатар пианино, гармонь және гитара аспаптарында еркін ойнай беретін. Ол кісінің тағы бір ерекшелігі халық ауыз әдебиетіндегі аңыз-әңгімелерді жинақтап, өте әсерлі етіп әңгімелеуші еді деп еске алады кейінгі әріптес інілері.

Әубәкір Ысмайыловтың (1913-1999) өмірбаянын өз аузынан жазып алған журналист, энциклопедист-жазушы Асан Жұмаділдинге жүтінсек: «Мен документ бойынша 1913 жылы, ал шынында 1910 жылы туғанмын. Шерубай-Нұра туған кезім, Жартаг деген жер, №6 ауыл (қазіргі Қарағанды облысы Тельман ауданы). Әкем Ысмайыл Спасский жұмыскер болған. Шешемнің аты Мариям, руы Тока, Сәкенге жақын туыс болады. Әкем Нилдіде жұмыс істеген. Бала кезімде Нилдіде жүргенде-ақ сурет сыза бастаған едім. Қарсақпайға Нилдіден, Спасскийден саймандарды көлікпен тасыды. Сонда погонщик – көлік айдаушы болдым, 1925 жылы Қызылордаға бардым. Сәкен мені ала кел деген екен. «Еңбекші қазақ» газетіне 15 жасымда график-суретші болып орналастым. Абай мектебінде оқыдым. ҚазЦИК жанындағы Ғани Мұратбаев атындағы пионер отрядында вожатый болдым. Бір жарым жыл Сәкеннің үйінде бірге тұрдым. Сәкен мені ИЗО консультативный кружоктарға қатыстырды, Петропавлдың деткоммунасына оқуға жіберді. Онда ИЗО кружогы бар екен, 1927 жылдары «Қазкоммуна» деп аталады. Ол мектептің ИЗО кружогы Мәскеумен байланыс жасап тұрады. Онда Г.Савицкий деген профессионал художник арнайы сабақ берді. Қойшыбаев, Шегебаев, Сәрсенбаев сияқты талантты жігіттер бар еді. Бурабай, Көкшетауға апарып, табиғат суретін салдыратын.



## ӘМБЕБАП ӘУБӘКІР

Қазақстанға және одан тысқары шет елдерге кеңінен танымал суретші, актер, режиссер, биші-хореограф, Қазақстанның халық суретшісі Әубәкір Ысмайылов – Сәкен Сейфуллин бағын ашқан талант, тұңғыш кәсіби маман суретшінің бірегейі.

Петропавлдың музейі мен театр клубында суретші болып істедім («Қара жорға» биін Доскей Әлімбаевтан үйреніп, 1928 жылы Ә.Ысмайылов суретші досы А.Шегебаевпен бірге Петропавл Мәдениет үйінің сахнасында «Қара жорға» биін билеген – автор). Картограф болып істедім. 1928 жылы Қазақстанның бірінші жылжымалы көркем суреттер көрмесі ашылды. Соған қатысты. Бұл үлкен көрмеге алғашқы қатысуым еді. Онда «Сарыарқа даласы», «Бетпақдаладағы мерген», «Батырақтар», т. б. 20-дан астам сериялы қарындашпен салынған картиналарым, «Нилді», «Спасск», «Бурабай» (Сәкен Горькиймен бірге Бурабайда дем алды) деген суреттерім қойылды. Осы көрме әуелде Петропавлда, одан Павлодар, Семейге түйе керуенімен қыдырып жүрді. Содан Қарсақпайға дейін бардық. Н. Крутильников, Ф. Болкоев, М. Белов, В. Уфимцев сияқты қадау-қадау талант иелерінің ұйымдастыруымен өткен жылжымалы көрме көпшілік құрметіне тез бөленді. Н. Крутильников бастаған 8 адамбыз. Ішіндегі қазағы – мен. Жалғыз ат бар. Оған мен мінемін де керуенді бастап отырамын. Ол заманда мұндай Мәдениет үйлері жоқ. Көрмені киіз үйлердің арасына бақан құрып, соған ілеміз. Халық көп жиналады. Әлі жеңсігі қанбаған, сана-сезімі балаң халық анау не, мынау не деп сұрап білгенше құмартады.

Сәкен аға 1928 жылы Омбы қаласындағы жоғары оқу орнына студенттер даярлайтын М. Врубель атындағы көркем-кәсіптік техникумның қазақ жастарына арналған 3 айлық курсқа жіберді. Содан Мәскеудегі көркемсурет институтының көркем графика

факультетіне түстім. Профессиналдық жағынан тез өсуіме игі жәрдемін тигізді. 1931 жылы Мәскеуде өткен жас суретшілердің айтулы көрмесіне Б. Пророков, Ф. Решетников пен С. Урусовский және кейін өнердің ірі қайраткерлері болған басқа да жастармен бірге қатыстым. Бұл оқудан кейін Мәскеуде актер, режиссер дайындайтын жоғары оқу орнында оқыдым» деп жаздырыпты өз өмірбаянын (М. Спатаева. «Біздің үйдің қонақтары». Естеліктер. Алматы, 1999 жыл).

1932 жылы Ә. Ысмайылов Қазақстанға жоғары білімді кәсіби маман болып оралып, республиканың мәдени өміріне бірден араласып кетеді. Ол туған өлкесіндегі шахтерлер еңбегі тақырыбымен көбірек әуестенді. Кеншілердің бейнесі мол, ауыр еңбегі оң жастайынан біліп өсті, байырғы Қарағанды кеншілерінің көп жылдар өткен соң жаңа өмірін көрді, шахталар механикаландырылған, қайла мен күректің орнын техникалық құралдар басқан адал еңбектің куәсі болды. Осы әлеуметтік өзгерістерді Ысмайылов өзінің суреттері мен эскиздерінде көрсете білді.

Ысмайылов сол кезде өзіне атақты бельгиялық график Ф. Мазерельдің қолтаңбасы қатты ұнағанын, оған қатты еліктегенін еске алады. Сондықтан оның туындыларында белгілі қылқалам шеберлері А. Дейнека, Ю. Пименов және басқа белгілі қайраткерлердің ықпалы болуы – заңды құбылыс. «Қарағанды шахтерлері забойда» атты живопись еңбегі 1934 жылы Мәскеуде Шығыс мәдениеті музейінде өткен «Қазақстан өнері» көрмесінде көрсетіліп, жоғары бағалануы Қарағанды туралы суреттер циклінің мәнін бірден жоғарылатты.

**Әубәкір ағамыз – елордамыз Астанаға көшкенде «байғазым» болсын деп өзінің қылқаламынан шыққан 50 туындысын Астана көркемсурет галереясына тегін тарту еткен атымтай жомарт, ұлтжанды тұлға**

1930 жылдардың бірінші жартысында Ысмайылов саяси карикатура мен плакат жанрында көп еңбек етті. 1936 жылы суретші Мәскеуде өткен қазақ мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне қатысты. А. Бортников, Ә. Қастеев, Н. Крутильников, А. Риттих, Н. Хлудов, Қ. Қожықов шығармаларымен қатар, Үлкен театр фойесінде Әубәкір Ысмайыловтың да шығармалары қойылды.

Мәскеудегі театр университетін бітірген ол халық хореографиясын жете зерттеп, Қазақ КСР халық биі ансамблін құрып, оның бірінші жетекшісі болды. Бишілік өнер Әубәкірге атасы мен әкесінен мирас болған деседі көнекөз қариялар. Халық билеріне тән әрекет, қимыл-қозғалысын салған альбом-оқулық, кейін балетмейстер Д. Әбіровпен бірігіп «Қазақтың халық биі» деген кітап баспадан шықты. 1964 жылы С. Сейфуллиннің 70 жылдық торқалы тойында Жаңарқа ауданының Мәдениет үйінде киноактер, режиссер, хореограф, суретші, жан-жақты өнер иесі Әубәкір Ысмайыловтың сурет көрмесі ашылды. Сурет галереясын тамашалаушылардың легі толастамай, өнерсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Көрмеге қойылған 40-тан астам графикалық суреттерді көріп тамашалады.

Әубәкір ағамыз – елордамыз Астанаға көшкенде «байғазым» болсын деп өзінің қылқаламынан шыққан 50 туындысын Астана көркемсурет галереясына тегін тарту еткен атымтай жомарт, ұлтжанды тұлға. Биыл туғанына 110 жыл толатын халық суретшісі Әубәкір Ысмайыловтың 100 жылдық торқалы тойы 2013 жылдың қыркүйек айында халықаралық конференцияға ұласты. Оған алыс-жақын шет елдерден көркемөнер корифейлері мен өнертанушы-ғалымдар келіп, пікір бөлісті және осы ауқымды шара аясында Астанадағы Тәуелсіздік сарайының көрме залында оның шашырап жүрген 100-ден астам туындысы жинақталып, суретшінің мерейтойлық көрмесі ашылды. Ғасырлық мерейтойы қарсаңында Астанада атына көше берілді. Бұл көше Республика даңғылынан басталып, М. Ғабдуллин көшесін қиып өтіп, Ш. Иманбаева көшесінде аяқталады. Ұзындығы – 498 м.

Серік ОСПАН,  
өнер зерттеуші

## ТҰРАНЫҢ БІР ТҮП ЖУСАНЫ

Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің Қаламгерлер аллеясындағы кітапханасында көрнекті әзербайжан ақыны, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әкбәр Гошалы қонақ болып, жақында «Eurasian Book Fair-2023» VI Еуразиялық халықаралық кітап көрме-жәрмеңкесі барысында тұсауы кесілген «Тұранның бір түп жусаны» атты жыр жинағын сыйға тартты.



Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қалалық филиалының директоры Дәулеткерей Кәпұлының айтуынша, Әкбәр Гошалы – түбі бір түркі халықтарының тұтас ел болу жолында еңбек етіп жүрген ақын. Ол – Әзербайжан-Қазақстан әдеби-мәдени байланысын орнатып, нығайтуда өз үлесін қосып жүрген адамның бірі. Мәселен, 2017 жылы Бакуде «Қазіргі қазақ поэзиясының антологиясы» атауымен әзербайжан тілінде 60 жас ақынның жинағын шығарды. Ал



«Тұранның бір түп жусаны» кітабындағы өлеңдерді бір топ қазақ ақыны тәржімалады. Бұл кітапта түбі бір түркі халықтарының түп өзегі – тарихи мен тілі, діні мен мәдениеті туралы жазылған.

## ҰЛТ МҰРАСЫН ҰЛЫҚТАП...

Кеше Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде «Сарыарқаның рухани, мәдени мұрасы» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шара аясында «Солтүстік Қазақстан облысының материалдық емес мәдени мұрасы: экспедициялық зерттеулер» кітабының тұсауы кесілді.



Солтүстік Қазақстан облысының материалдық емес мәдени мұрасы бойынша жарық көрген кітапта тың деректер көрсетілген. Еңбекте облыстың үш ауданы бойынша жүргізіл-

ген музыкалық этнографиялық музей кешенді экспедицияның бағыттары және жиналған материалдық емес мәдени мұра элементтері жанрлық ерекшеліктеріне қарай сұрыпталып, оларды сақтаушы 20-ға жуық мұрагер туралы мәліметтер екі тілде баяндалады. Экспедиция барысында жазылып алынған 50-ден астам музыкалық шығармалардың үш тілдегі түсіндірмесімен халық өнерпаздарының орындауында алғаш рет нотаға түсірілді.

Шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет және фольклортанушылар, этнография саласындағы көрнекті ғалымдар мен музей саласының мамандары қатысты.





ДҮЙСЕНБІ

1 МАМЫР



ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ
6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Бірлігіміз жарасқан». Деректі фильм
7:00 «Достығымыз жарасқан».



ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

05:00 МЕГАХИТ. «КОЛОМБИАН»
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «БАҚЫТТЫҢ КІЛТІ ЕҢБЕКТЕ»
10:30 МУЛЬТФИЛЬМ.



06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 Шымкент шоу
12.00 «Осман» түрік телехикаясы



6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:50 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:45 Наши любимые комедии.



07.05 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ»
09.40 «ЛЮБОВЬ НА МИЛЛИОН»,
казакстанское кино (повтор)
11.30 «ТОЙХАНА», казахстанское кино!



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «Kүліп ALL»
08:00 «31 әзіл»
08:50 Мультсериал «Ұлы жауынгер»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07:30 Т/х «Тақиясыз періште»
08:00 Jaidarman



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.40 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
08.10 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

2 МАМЫР



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 «Ауылдастар»
7:00 «ТАНШОЛПАН».



05:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ.
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «УЗДЕ»
10:30 «ОТВАЖНЫЙ РЫЦАРЬ»



06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Практика» телесериал
10.00 «Қара шаңырақ» телехикаясы



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»
08.00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ».



06:00 Әзіл студия
06:30 What's up?
07:00 «Kүліп ALL»
08:00 «31 әзіл»
09:00 Мультсериал «Ұлы жауынгер»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07:30 Т/х «Тақиясыз періште»
08:00 Jaidarman
09:00 Т/с «Дорога домой»



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.40 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
08.10 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)

СӘРСЕНБІ

3 МАМЫР



6:00 ӘНҰРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
6:25 АҚПАРАТ
7:00 «ТАНШОЛПАН».



05:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ.
07:00 ТИКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ «ОЯН!»
10:00 «В ФОКУСЕ»
10:30 МУЛЬТХИКАЯ. «МУЗЫЛАҚ»



06.00 «КІШКЕНТАЙ КЕЛІН»
07.00 «МАША И МЕДВЕДЬ»
09.00 «ПРАКТИКА» ТЕЛЕСЕРИАЛ
10.00 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ



6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» БАҒДАРЛАМАСЫ
7:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»



07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (ҚАЙТАЛУ)
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»
08.00 «ЖАЛА МЕН ЖАУЫЗДЫҚ».



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:30 WHAT'S UP?
07:00 ИНФОРМБЮРО (ПОВТОР)
08:00 «ЖАПЫРАҚТАР ТӨГІЛГЕНДЕ»



06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»
07:30 Т/х «Тақиясыз періште»
08:00 Jaidarman
09:00 Т/с «Дорога домой»

21:30 Т/х «Шырғалаң тағдыр»
22:30 Т/х «Нағыз әке»
23:30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»
00:30 Jaidarman



07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
07.40 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
08.10 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)

БЕЙСЕНБІ

4 МАМЫР



6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:25 АҚПАРАТ
7:00 «ТАНШОЛПАН».



05:00 Телесериал. «Мой мужчина, моя женщина»
07:00 Тикелей эфирде «Он!»
10:00 «Бізге хабарласқан»



06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы
07.00 «Маша и медведь» мультфильм
09.00 «Практика» телесериал
10.00 «Қара шаңырақ» телехикаясы

ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

БАС ҚАЛАНЫҢ КӨНЕ КЕЛБЕТІ

Тың өлкесіне түрен түскенде Арқа төсіндегі Ақмола қаласы еліміздің солтүстігіндегі ірі көлік торабына айналғаны белгілі.



Сурет авторы Нұржанайт Иманбаев

Шаһарда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндеудің дәстүрлі тәсілі жетілдіріліп, жеңіл өнеркәсіп орындарының саны артты. «Целинсельмаш», «Казаксельмаш», «Вагон жасау зауыты» өз қуатында жұмыс істей бастады. 1960 жылдың желтоқсан айында қала атауы Целиноград болып өзгертілді. Осы кезде бірқатар көшеге жаңа есім беріліп, көріктендірілді. Суретте 1960 жылы түсірілген Целиноград қаласының Карл Маркс көшесі. Кейін Ақмола бас қалаға айналып, Астана атанғанда 1998 жылы көше Кенесары көшесі деп өзгерді.





# 10 | ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА

№49 (4482) 27/04/2023 Бейсенбі

**7**

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы  
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»  
10:50 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»  
11:35 Многосерийный фильм  
13:15 «ТАТЬНИН ДЕНЬ».  
14:10 «НОВОСТИ»  
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.  
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы  
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20:35 «МЕЖДУ ДВУХ ОГНЕЙ»  
0:30 Ночной кинотеатр.  
2:45 «KÖREMİZ» бағдарламасы  
3:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
3:55 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)  
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»  
08.00 «ЖАЛА МЕН ЖАҒЫЗДЫҚ»  
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)  
10.10 «БЫЛО ДЕЛО»  
11.10 «ДУРЬ», драма  
12.20 «СТАЖЕР»  
14.20 «ВОЗВРАЩЕНИЕ»  
16.30 «ЕКИНШІ ӘЙЕЛ», өзбек телехикаясы.  
17.50 «ӨТКЕН КҮНДЕР»  
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР  
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.  
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ  
21.40 «ВОЗВРАЩЕНИЕ», мелодрама  
00.00 «СТАЖЕР», детективная мелодрама.  
01.35 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)  
02.20 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»  
03.00 «ӨТКЕН КҮНДЕР»  
04.20-04.50 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

**31**

06:00 Әзіл студия  
06:30 What's up?  
07:00 Информбюро (повтор)  
08:00 «Жапырақтар төгілгенде»  
09:00 Мультсериал «Ұлы жауынгер»  
09:10 Мультсериал «Команда «Мстители»  
10:10 Мультсериал «Маша и медведь»  
11:20 КИНО. «Большое, чем кино»  
13:20 «Двойной удар»  
15:45 «Пастырь» (повтор)  
17:40 «Терминатор»  
20:00 Информбюро (рус/каз)  
21:00 «Добро пожаловать в рай!»  
23:20 «Жапырақтар төгілгенде»  
00:20 «31 әзіл»  
01:00 Индийский сериал «Анупама»  
01:40 What's up?  
03:50 1001 әзіл  
04:00 BALA BATLE  
04:30 What's up?

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
07:10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»  
07:30 Т/п «Айна Online»  
08:00 Jaidarman  
09:00 Т/с «Дорога домой»  
11:10 Т/с «Нулевой пациент»  
12:30 Т/с «Женский доктор»  
14:30 Ток-шоу «Қыздар-ай»  
15:30 Т/х «Шығалаң тағдыр»  
16:30 Т/х «Аптақ келін»  
17:00 Т/с «Семейные узы»  
18:00 Т/с «Дорога домой» премьера  
20:00 Т/с «Нулевой пациент»  
21:00 Т/х «Аптақ келін»  
21:30 Т/х «Шығалаң тағдыр»  
22:30 Т/х «Қанатсыз құстар»  
23:30 Т/х «Жалдамалы әйелдер»  
00:30 Jaidarman  
01:30 Т/п «Айна Online»  
01:50 Т/п «Тамаша 7 км»  
02:40 Т/х «Япырай»  
03:30 Т/п «Жеңіп көр»  
05:00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)  
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
07.40 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)  
08.10 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)  
09.10 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)  
09.50 Сериал «СҮЙКІТІМ» (каз.)  
10.20 «МІР НАИЗНАНКУ. ЭКВАДОР»  
11.30 Шоу «ТАКСИ»  
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
16.00 Телехикая «СҮЙКІТІМ» (каз.)  
17.10 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)  
18.00 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
18.30 «МІР НАИЗНАНКУ. ЭКВАДОР»  
19.30 Сериал «СЕСТРУХА»  
20.00 Шоу «ТАКСИ»

20.30 «ОГРABЛЕНИЕ ВЕКА»  
22.20 «ПЕРВОЗЧИК»  
00.20 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
00.50 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)  
01.40 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)  
02.30 Телехикая «СҮЙКІТІМ» (каз.)  
03.20 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран  
6:05 «Жадігер»  
6:25 АҚРАРАТ  
7:00 «TAKSHOLPAN».  
10:00 АҚРАРАТ  
10:10 «Махаббат тұтқыны», Телехикая.  
12:00 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тикелей эфир  
13:00 АҚРАРАТ  
13:10 «Жанталас», Телехикая.  
14:15 «Қызық екен...»  
15:00 «Гауһартас»  
16:00 «Ақжауын»  
17:00 АҚРАРАТ  
17:15 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»  
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ», Телехикая.  
20:00 АҚРАРАТ  
20:35 «ASHYQ ALAŃ».  
21:30 «ЖАНТАЛАС», Телехикая.  
22:30 «БАУЫРЛАР», Телехикая.  
23:20 «Көңіл толқыны»  
0:00 «PARASAT MAIDANY»  
0:30 АҚРАРАТ  
1:05 «Өмір көркем»  
1:55 «Ауылдастар»  
2:20 «Жадігер»

**7**

05:00 Телесериал. «Магомаев»  
07:00 Тикелей эфирде «Ояні»  
10:00 «Менің өмірім»  
10:30 «Мандай тер»  
12:00 Телехикая. «Үкім»  
14:00 Тикелей эфирде «АйнаLine»  
15:00 Телевизиорна. «Бегем за деньгами»  
16:00 Телесериал. «Магомаев»  
18:00 Новости.  
18:20 Ток-шоу. Итоги  
19:00 Қорытынды жаңалықтар.  
19:20 Ток-шоу. Біздің мақсат  
20:00 Телехикая. «Үкім»  
20:50 «Келінжан 2», «Келінжан 3»  
21:45 «Қызық times»  
22:45 Мегакит. «На грани»

**ASTANA TV**

06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы  
07.00 «Маша и медведь» мультфильм  
09.00 «Практика» телесериал  
10.00 «Президент пармени»  
10.15 «Қазбат» телехикаясы  
12.00 «Осман» түрік телехикаясы  
13.00 «Қара ниет» түрік телехикаясы  
15.00 «Ене» үнді телехикаясы  
15.50 К/ф «Джентльмены, удачи!»  
18.00 «Карина красная» телесериал  
20.00 «AstanaTimes»  
21.00 «Осман» түрік телехикаясы  
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00.00 «Карина красная» телесериал

**7**

6:00 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» бағдарламасы  
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»  
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»  
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»  
10:50 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»  
11:35 Многосерийный фильм  
13:15 «ТАТЬНИН ДЕНЬ».  
14:10 «НОВОСТИ»  
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.  
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
19:00 «KÖREMİZ» бағдарламасы  
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»  
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»  
21:55 Многосерийный фильм  
1:40 «ПОВАРА НА КОЛЕСАХ»  
2:40 «KÖREMİZ» бағдарламасы  
3:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»  
3:50 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07.05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)  
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»  
08.00 «ЖАЛА МЕН ЖАҒЫЗДЫҚ»  
09.30 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)  
10.10 «БЫЛО ДЕЛО»  
11.10 «ДУРЬ», драма  
12.20 «СТАЖЕР»  
14.20 «ВОЗВРАЩЕНИЕ»  
16.30 «ЕКИНШІ ӘЙЕЛ», өзбек телехикаясы.

17.50 «ӨТКЕН КҮНДЕР», өзбек телехикаясы.  
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР  
20.00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ».  
20.35 «КТКweb»  
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ  
21.40 «ВРАЧЕБНАЯ ОШИБКА», мелодрама.  
01.50 «БЫЛО ДЕЛО» (повтор)  
02.35 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)  
03.00 «КТКweb» (қайталау)  
03.20 «ӨТКЕН КҮНДЕР»

**31**

06:00 Әзіл студия  
06:30 What's up?  
07:00 Информбюро (повтор)  
08:00 «Жапырақтар төгілгенде»  
09:00 Мультсериал «Ұлы жауынгер»  
09:10 Мультсериал «Команда «Мстители»  
10:10 Мультсериал «Маша и медведь»  
11:00 КИНО. «Кино по понятиям» 01:22  
13:00 «Терминатор» (повтор)  
15:30 «Добро пожаловать в рай!»  
18:00 «Городской охотник»  
20:00 Информбюро (рус/каз)  
21:00 «Бен-Гур»  
23:35 «Жапырақтар төгілгенде»  
00:35 «31 әзіл»  
01:00 Индийский сериал «Анупама»  
02:00 What's up?  
03:00 Әзіл студия  
03:50 1001 әзіл  
04:00 BALA BATLE

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
07:10 Т/х «Ұлы дала жанұясы»  
07:30 Т/п «Айна Online»  
08:00 Jaidarman  
09:00 Т/с «Дорога домой»  
11:10 Т/с «Нулевой пациент»  
12:30 Т/с «Женский доктор»  
14:30 Ток-шоу «Қыздар-ай»  
15:30 Т/х «Шығалаң тағдыр»  
16:30 Т/х «Аптақ келін»  
17:00 Т/с «Семейные узы»  
18:00 Жаңа кезең  
18:20 К/с «Улики из прошлого: Сейф за картиной Коровина»  
22:00 «Жұлдызды шаңырақ»  
22:30 Т/х «Қанатсыз құстар»  
00:30 Jaidarman  
01:30 Т/п «Айна Online»  
01:50 Т/п «Тамаша 7 км»  
02:40 Т/х «Япырай»  
03:30 Т/п «Жеңіп көр»  
05:00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)  
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
07.40 «Ауылдастар» (каз. закл.)  
08.10 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)  
09.10 «РЕВЮ NEWS» (каз.)  
09.40 «МАША И МЕДВЕДЬ»  
09.50 Сериал «СЕСТРУХА»  
10.20 «МІР НАИЗНАНКУ. ЭКВАДОР»  
11.30 Шоу «ТАКСИ»  
12.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
16.00 «CENTRAL ASIA'S GOT TALENT» 2  
18.20 «МІР НАИЗНАНКУ. ЭКВАДОР»  
19.20 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»  
20.00 Шоу «ТАКСИ»  
20.30 «ПАДЕНИЕ ОЛИМПА»  
22.40 «ЦУНАМИ 3 Д»  
00.20 «ЗЛОВЕЩИЕ МЕРТВЕЦЫ: ЧЕРНАЯ КНИГА»  
01.50 «ТАВОО» (каз. новый сезон)  
02.50 «Ауылдастар» (каз. закл.)  
03.50 Телехикая «Қыз қиялы» (каз.)  
04.40 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
04.10-05.00 «Екі езу» (каз.)

**СЕНБІ**

**6 МАМЫР**

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран  
6:05 «Жадігер»  
6:30 АҚРАРАТ  
7:05 «Дәуір даналары». Деректі фильм  
7:50 «Шаңырақ»  
8:25 «Нартауекен»  
9:30 «Күй-жеруен»  
10:00 «Махаббат тұтқыны», Телехикая.  
12:00 «Қазақтың жігіттері».  
16:15 «Түлкі мен ит».  
17:35 «ӨЗЕКТІ».  
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ», Телехикая.  
20:00 АҚРАРАТ  
20:30 «AQORDA»  
20:40 «QAZAQSTAN DAУЫСЫ. БАЛАЛАР»  
22:30 «БАУЫРЛАР», Телехикая.  
23:30 «Қазбат».  
1:50 «Aqorda»  
2:00 «Шаңырақ»  
2:25 «Дәуір даналары». Деректі фильм

**НТК**

05:00 «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК»  
06:15 КОНЦЕРТ. «АЛАШҰЛЫ»  
08:15 «КӨМЕБ»  
09:00 «СПОРТ TIME»  
09:30 «КИНОМАН»  
10:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ.  
12:00 МУЛЬТФИЛЬМ.  
13:30 «STARTUP KZ»  
14:00 «ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ»  
14:30 «ҚЫЗЫҚ TIMES»  
16:00 «АЛҒАШҚЫ»  
17:00 «МАСКА»  
19:00 «COVER SHOW»  
21:00 АҚПАРАТ АРНАСЫ «7 КҮН»  
21:40 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ.  
22:15 МЕГАХИТ. «БЕЛЬКАНТО»

**ASTANA TV**

06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы  
07.00 «Маша и медведь» мультфильм  
09.00 «Лестница в небеса» телесериал  
12.20 «Осман» түрік телехикаясы  
13.10 «Жұлдызбасын?»  
14.10 «Көрү керек»  
15.00 «Ащы шындық» тележоба  
17.00 «Танцор диск» индийское кино  
20.00 «SagarTimes»  
21.00 «Осман» түрік телехикаясы  
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00.00 «Жұлдызды жекпе-жек» жобасы  
01.50 «Жұлдызбасын?» бағдарламасы

**7**

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы  
7:15 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:10 «ПОЕХЛИ!»  
9:00 «ЛЮБОВЬ В СССР»  
10:45 «ОПАСНОЕ ЗАБЛУЖДЕНИЕ».  
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы  
18:30 «АЙНА» бағдарламасы. Тикелей эфир  
19:00 Премьера.  
21:00 «ВИНОВАТА ЛЮБОВЬ»  
3:00 «ТАЙНЫ БОРГО ЛАРИЧИ»  
3:05 «КАРТЕР», Телехикая  
3:50 «П@УТИНА» бағдарламасы

**КТК**

07.05 «МӘССАҒАН»  
07.30 «ЕРІКСІЗ МАХАББАТ»  
08.00 «КӨНІЛДІ ОТБАСЫ»  
08.50 «КТКweb» (қайталау)  
09.20 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ (повтор)  
10.00 «СМЕТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ»  
11.00 «ВРАЧЕБНАЯ ОШИБКА»  
15.30 «ҚАЙСАР ҒАШЫҚТАР»  
17.30 «ҚАДАМДАР»  
19.20 «АЛДАРАСПАН»  
21.00 «ЖУДЕБИТЕ, ЗАКРЫТО!», мелодрама.  
01.10 «СМЕТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ»  
02.10 «ҚАЙСАР ҒАШЫҚТАР»  
03.45-04.30 «КӨНІЛДІ ОТБАСЫ»

**31**

06:00 Әзіл студия  
06:30 Тамаша live  
08:00 «Күліп ALL»  
08:30 Мультсериал «Маша и медведь»  
09:30 Готовим с Адель  
10:00 «Алдараспан»  
12:00 «Танцуй, танцуй»  
15:20 «Полное погружение»  
17:10 Анимационный фильм «Моана»  
19:20 «РобоКоп»  
22:00 «Охотники на ведьм»  
23:50:00 «Bizdin show»  
02:00 What's up?  
03:00 «31 әзіл»  
04:00 Тамаша live  
04:30 Әзіл студия  
05:00 1001 әзіл  
05:30 Ризамын

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
07:00 Т/п «Келесі кім?»  
08:30 Т/п «Құтты қоңақ»  
09:00 «Разговор со вкусом»  
09:20 «Смеяться разрешается»  
11:00 К/с «Улики из прошлого: Сейф за картиной Коровина»  
15:00 «Жұлдызды шаңырақ»  
15:30 «Battle сөз»  
16:00 Әзіл time  
17:00 К/с «Югда умрет любовь»  
21:00 Шоу «Маска» 4 сезон  
00:05 К/ф «Лев»  
02:00 Jaidarman

02:40 Т/п «Келесі кім?»  
03:30 Т/х «Япырай»  
04:00 Т/п «Жеңіп көр»  
04:50 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
07.40 «Екі езу» (каз.)  
08.10 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)  
09.05 «INSTA LIKE» (каз.)  
09.30 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)  
09.50 «ДРАКОНЫ И ВСАДНИКИ ОЛУХА»  
11.00 «ВОЙНА НЕВЕСТ»  
13.10 «ШРЕК ТРЕТИЙ»  
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)  
19.00 «ВОКРУГ СВЕТА ЗА 80 ДНЕЙ»  
21.10 «В КЮНЦЕ ТУННЕЛЯ» (триллер, Клара Лаго, Леонардо Сбаралья, Пабло Эчарри)  
23.30 «100 ДНЕЙ НА ЖИЗНЬ» (криминальный триллер, Колин Эгсвилд, Гидеон Эмери)  
01.10 «Қызық Live» (каз.)  
02.00 «ТАВОО» (каз.)  
03.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
04.00-05.00 «Екі езу» (каз.)

**QAZAQSTAN**

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ  
6:00 Әнұран  
6:05 «Жадігер»  
6:30 АҚРАРАТ  
7:00 «Дәуір даналары». Деректі фильм  
7:45 «АҚСАҒАТ»  
8:10 «Айбынды армияға арнау».  
9:25 «Әйел әлемі»  
10:00 «Махаббат тұтқыны», Телехикая.  
12:00 «Qazaqstan дауысы. Балалар».  
13:50 «Түлі мен ит».  
15:10 «Әзіл әлемі»  
15:50 «ГАНУАРТАС».  
18:00 «МАХАББАТ ТҮТҚЫНЫ», Телехикая.  
20:00 «АРТА».  
20:50 Қуандық Рахымның концерті  
22:30 «БАУЫРЛАР», Телехикая.  
23:30 «Көңіл толқыны»  
1:30 «Aqsayut»  
1:50 «Әйел әлемі»  
2:20 «Күміс көмей»

**7**

Отан қорғаушылар күні!  
05:00 «Жұлдызды жекпе-жек»  
06:15 Концерт. «Иттық ұлан – ұлт рухы»  
08:00 «Таңбалы тарих – таңдаулы тулаға»  
09:00 Деректі фильм. «Қыран текті». Тағат Бигелдинов  
09:30 «Культурный контекст»  
10:00 Телесериал. «Бауыржан Момышұлы»  
12:00 Концерт. «Жас сарбаз»  
13:15 Мультсериал. «Нильс»  
13:30 «Балақай»  
14:15 «Әрекет»  
14:45 «Сағадат Нурмағанбетов»  
15:45 «Cover show»  
17:30 «Маска»  
19:30 «Мандай тер»  
21:00 «7 күн»  
21:40 «Отдел журналистских расследований»  
22:15 «Киноман»  
22:45 Мегакит. «Интернэшл»

**ASTANA TV**

06.00 «Кішкентай келін» телехикаясы  
07.00 «Маша и медведь» мультфильм  
09.00 «Лестница в небеса» телесериал  
12.20 «Осман» түрік телехикаясы  
13.30 Специальный репортаж «Қалқан»  
13.30 «Алдараспан»  
17.00 «Гудбай, мой бай 2» к/ф  
19.00 «Бизнес по-казахски» к/ф  
21.00 «Осман» түрік телехикаясы  
21.55 «Тағдыр талқысы» үнді телехикаясы  
00.00 «1bo!»  
00.30 «Ащы шындық» тележоба

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
07:00 Т/п «Келесі кім?»  
08:30 Т/п «Құтты қоңақ»  
09:00 «Разговор со вкусом»  
09:20 «Смеяться разрешается»  
11:00 К/с «Улики из прошлого: Сейф за картиной Коровина»  
15:00 «Жұлдызды шаңырақ»  
15:30 «Battle сөз»  
16:00 Әзіл time  
17:00 К/с «Югда умрет любовь»  
21:00 Шоу «Маска» 4 сезон  
00:05 К/ф «Лев»  
02:00 Jaidarman

15:10 «СЕМЬ ПАР НЕЧИСТЫХ»  
16:50 «БЕЛЫЙ ТИГР»  
18:55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР, КАЗАХСТАН!»  
20:00 «ГРАНИ». Прямой эфир  
21:00 «ДИНА И ДОБРМАН»  
1.25 «БИТВА ЗА СЕВАСТОПОЛЬ»

**КТК**

07.05 «КӨНІЛДІ ОТБАСЫ»  
07.50 «АЛДАРАСПАН»  
09.30 «СМЕТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа  
10.40 «ВКЮДИТЕ, ЗАКРЫТО!», мелодрама (повтор)  
15.00 «ЖУРЕГМІДЕСІҢ СЕНІ», көркем фильм (өзбек к/ф)  
16.30 «КАНШЕРЛЕР ОЙЫНЫ», көркем фильм (өзбек к/ф)  
18.10 «ӨМІР – ӨЗЕН», Лұқпан Жолдасовтің ән-кеші  
21.00 «ВЕСНА ПЕРЕМЕН», мелодрама.  
00.30 «СМЕТЬСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», шоу-программа (повтор)  
01.30 «ЖУРЕГМІДЕСІҢ СЕНІ», көркем фильм (өзбек к/ф) (қайталау)  
02.50-04.30 «ӨМІР – ӨЗЕН» (қайталау)

**31**

06:00 Әзіл студия  
07:00 What's up?  
08:00 Тамаша live  
09:00 «TeleBIZ» прямой эфир  
09:25 Готовим с Адель  
10:00 Анимационный фильм «Полное погружение» (повтор)  
11:50 КИНО. Джек Хьюстон в историческом боевике «Бен-Гур» (повтор)  
14:35 Анимационный фильм «Моана» (повтор)  
16:50 КИНО. Юэль Кинман в фантастическом боевике «РобоКоп» (повтор)  
19:20 КИНО. Дензел Вашингтон, Крис Пратт в боевике «Великолонная семерка»  
22:20 КИНО. Джек Ли в боевике «Поцелуй дракона»  
00:25 «Алдараспан»  
02:00 Тамаша live  
02:30 Әзіл студия  
03:00 1001 әзіл  
03:30 Ризамын  
04:00 «31 әзіл»  
05:30 What's up?

**7**

06:00 Т/п «Қуырдақ»  
06:40 Jaidarman  
07:20 Әзіл time  
08:10 Т/п «Құтты қоңақ»  
09:20 Т/п «Измайловский парк»  
10:50 Шоу «Маска»  
15:00 «Қызықты weekend»  
16:00 Әзіл time  
17:00 Берекелі мереке  
21:00 К/с «Танкист»  
01:00 Т/п «Құтты қоңақ»  
01:30 Jaidarman  
02:10 Т/п «Келесі кім?»  
03:00 Т/х «Япырай»  
03:30 Т/п «Жеңіп көр»  
05:00 Т/п «Қуырдақ»

**НТК**

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)  
07.40 Әзіл-күнті бағдарламасы «Екі езу»  
08.10 Скетчком «ДОСТЫҚ 99» (каз.)  
09.05 «INSTA LIKE» (каз.)  
09.30 «ИЗМЕННИЧЬИЕ БАСНИ: ЧЕРЕПАХА ПРОТИВ ЗАЙЦА» (анимационный фильм)  
10.50 «ШРЕК ТРЕТИЙ» (анимационный фильм)  
12.40 «ЭВЛИН И БУРНУДЖИ 3» (семейное фантази)  
14.00 «ЭМОДЖИ ФИЛЬМ» (анимационный фильм)  
16.00 «ВОКРУГ СВЕТА ЗА 80 ДНЕЙ» (семейная комедия, Джеки Чан, Стив Куган)  
18.20 «В КЮНЦЕ ТУННЕЛЯ» (триллер, Клара Лаго, Леонардо Сбаралья, Пабло Эчарри)  
20.30 «ТЕМНАЯ БАШНЯ» (фантастический боевик, Мэттью МакКонахи, Идрис Эльба)  
22.20 «П@УТИНА» бағдарламасы  
8:00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»  
8:10 «ПРОУЮТ»  
9:00 «2019 – 2022: ТРИ ГОДА, ИЗМЕНИВШИЕ КАЗАХСТАН».  
9:35 Военная драма  
10:15 «ҚАЙМАҚ» бағдарламасы  
10:50 «ВИНОВАТА ЛЮБОВЬ».


## СУРЕТ СЫРЫ

# АҒАЙЫНДЫ АБДУЛЛИНДЕР – АРҚА ТӨСІНДЕ

Екеуінің жұптасып сахнаға шығуы сән болады, зал кернеген ән болады, ажыратып алғысыз егіз әншіге елдің бәрі таң болады. Ришат «Көгаршынды» көкке өрлетіп, «Япурай»-ды теңіздей теңселткенде, Мүсілім «Зәурештің» зарын төгіп, Мәриямның Дударға махаббатын паш етеді.

1968 жылы 29 наурыз күні Тың игерушілер сарайында КСРО Халық әртісі Ришат Абдуллин мен Қазақ КСР Халық әртісі Мүсілім Абдуллин басқарған алма-тылық әртістер бри-гадасының концертгі болып өтті (бұл – Тың өлкесіне Ришаттың төртінші, Мүсілімнің үшінші рет келуі) Ришат Абдуллин өзінің ең бір сүйікті, кәні-ді нөмірі – Абай-дың ариасын терең сезіммен орындап, көрермендер көңілін толқытты. Мүсілім Абдуллин халық әні «Үкілім-ай»-ды әсем нақышпен әсерлі шырқады. Ағайын-ды өнерпаздар өнді жеке де, қосылып та

Ғазиза ИСАХАН



Сурет ҚР Кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінен алынды



# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫ – ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету мәселесінің өзектілігі мемлекеттік қызметтер адам өмірінің барлық салаларын және бүкіл кезеңін қамтитынымен түсіндіріледі. Жыл сайын мемлекеттік қызметтер сұранысқа ие болып келеді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган ретінде өз қызметі шегінде мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді.

2022 жылғы есепті деректердің мониторингі Астана қаласының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының 18,1 млн мемлекеттік қызмет көрсеткенін көрсетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 млн қызметке (2021 ж. 17,1 млн) артық, оның ішінде: мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы 1 млн (5,8%), қағаз түрінде (кеңсе арқылы) 1,7 млн (9,2%), электронды түрде 15,4 млн (85%).

«ҚР Мемлекеттік қызметінің қызметтер туралы» заңына сәйкес, уәкілетті органның негізгі функцияларының бірі – мемлекеттік қызметінің қызметтердің сапасын, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ талдау және мониторинг негізінде оларды көрсету кезінде бұзушылықтардың алдын алуға және көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Мәселен, 2022 жылы ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментіне (бұдан әрі – департамент) 136 өтініш келіп түсті: 33 өтініш бойынша тексерулер жүргізілді, 27 өтініш сұрау салу жолымен қаралды, 21 өтініш берушінің өтінішхаты негізінде тоқтатылды.

Өтініштердің көп саны көрсетілген мемлекеттік қызметтердің жалпы санының ұлғаюымен байланысты деп есептейміз, екінші жағынан, бұл халықтың уәкілетті орган туралы хабардар болғанын және оған деген сенімін арттыруын көрсетеді.

Мемлекеттік қызметтердің жиі шағымданытын салалары: – жер қатынастары, құрылыс және жылжымайтын мүлік саласы – 30,3%; – әлеуметтік сала және медицина – 12,5%; – тұрғын үй қатынастары саласы – 8,1%.

Негізді өтініш білдіргендердің 100% құқықтары қалпына келтірілді және қорғалды, оның ішінде: 6 тексеру қорытындысы, 2 сұрау салу қорытындысы бойынша.

Мысалы, азамат Е.С.Шаймардан ұзақ уақыт ішінде «Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы» ММ (бұдан әрі – басқарма) Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан

зардап шеккен азамат ретінде куәлік ала алмады.

Департаментпен тексеру жүргізілгеннен кейін ғана оның құқықтары қалпына келтіріліп, тиісті жеңілдіктер алуға мүмкіндік алынды, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсетуден бірнеше рет негізсіз бас тартқаны үшін басқарманың лауазымды тұлғаларына қатысты тәртіптік шаралар қабылданды.

Азаматша Т.А.Тәжидиноваға бір жылдан астам уақыт бойы атаулы әлеуметтік көмек алудан бас тартылды. Департаментпен оның шағымы негізінде тиісті шаралар қабылданып, құқықтары қалпына келтірілді. Осылайша, қызмет алушы отбасының әлеуметтік сұрағы шешілді.

52 бақылау іс-шарасы өткізілді, оның ішінде: жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша – 33 тексеру, мемлекеттік органдардың хабарлауы негізінде – 4, профилактикалық бақылау – 15.

Тексеру қорытындысы бойынша 7346 бұзушылық анықталды, қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша 90-нан астам ұсыным әзірленді, көрсетілетін қызметті берушілердің 11 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

ҚР ӘҚБТК 465-бабы бойынша рұқсат құжаттарын беру тәртібін бұзғаны үшін 2 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, қысқартылған тәртіппен 76575 теңге мөлшерінде айыппұл сомасы өндірілді.

Ең жиі анықталған бұзушылықтар:

– мемлекеттік қызмет көрсету рәсімдерін бұзу – 3009 (41%); – мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу – 1955 (26,6%); – қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту – 442 (6%).

Ең жиі анықталатын салалар: – денсаулық, медицина және денсаулық сақтау – 1998 (28%); – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық – 1659 (22,5%); – жеке тұлғалар мен азаматтарды тіркеу – 1789 (24,3%).

«Лицензиялау» ақпараттық жүйесінде мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына жүргізілген қашиқтан мониторинг қорытындысы бойынша 51 бұзушылық анықталды, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ сүйемелдеуімен «ЖҚО ИАЖ мониторингі» кіші жүйесінде мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімінің бұзылу себептерін анықтау бойынша 224 расталған факт анықталды, тиісті шаралар қабылданып, көрсетілетін қызметті берушілерге ұсынымдар енгізілді.

Астана қаласы әкімі аппаратының және ЖАО басқармаларының мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнаманы сақтау

жөніндегі бақылау іс-шараларының жоспарлары аясында департамент 20 ЖАО-да және ведомстволық бағынысты ұйымдарда бірлескен ішкі бақылау жүргізді, қорытындысы бойынша 3376-сы анықталып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту бойынша 112 ұсыныс енгізілді.

**Мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-процестерін талдау**

«Электрондық үкімет» порталында мемлекеттік қызметтердің жұмыс қабілеттілігі мен қолжетімділігіне тұрақты негізде мониторинг, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетудің бизнес-процестерін талдау жүргізілді, оларды жою және көрсетілетін қызметті берушілердің ақпараттық жүйелеріндегі проблемалар бойынша 100-ден астам ұсыныстар енгізілді, олар: «мемлекеттік қызметтер көрсету процесін құқықтық реттеуді бағалау», «мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды және техникалық мүмкіндіктерді бағалау», «мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру» бағыттары бойынша.

Мысалы, «Атың, әкесінің атың, тегін ауыстыруды тіркеу, оның ішінде азаматтық хал актілерінің жазбаларына өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу» мемлекеттік қызметін зерделеу кезінде «жасырын қызмет», яғни мемлекеттік қызметінің қызмет белгілеріне сәйкес келетін функция анықталды.

Аталған мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі «электрондық үкімет» порталында қолжетімді некелік құқық қабілеттілігі туралы анықтаманы қамтиды. Осы анықтаманы алу үшін, егер көрсетілетін қызметті алушы ҚР шегінен тыс жерде некеде тұрса, некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу туралы куәліктің немесе жұбайының (зайыбының) қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмелері қосымша қоса беріледі. Анықтаманы кез келген тіркеуші орган АХАЖ АЖ мәліметтері негізінде береді. Алайда анықтама алу тәртібі реттелмеген.

Бүгінгі таңда, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 18.05.2022 ж. №170/НҚ бұйрығына сәйкес, аталған функция мемлекеттік қызметтің бұл кіші түрі болып мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілген және осылайша осы қызметті алудың ашықтығы үшін бизнес-процесі айқындалды.

Шынында да, айқын және біркелкі ережелер мен стандарттар арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің ашық және тиімді процесін ұйымдастыру көрсетілетін қызметті беруші мен тұтынушы арасындағы қатынастардың нақтылығын тудырып қана қоймайды, сонымен қатар,

лауазымды тұлғалардың қызмет көрсетудегі субъективті тәсілін жояды, мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің дәрежесін азайтады.

Сондай-ақ, департаментпен «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы» мемлекеттік қызметінің қызметі бойынша ұсыныс енгізілді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 13.08.2021 ж. №441 бұйрығына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі өтініш түскен сәттен бастап 15 жұмыс күнінен кешіктірмей, алайда «Shanugaq» тұрғын үйге кезекке қою» АЖ-да көрсетілетін қызметті берушіде өтініштерді өңдеудің және көрсетілген мерзімнен бұрын есепке қоюдың техникалық мүмкіндігі болмағаны анықталды.

Департаменттің ұсынымынан кейін көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті ұйымдармен бірлесіп ақпараттық жүйені жетілдіру процесін аяқтап, қазіргі уақытта көрсетілетін қызметті берушіде жоғарыда көрсетілген мемлекеттік қызметті мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында белгіленген мерзімнен бұрын және тұрғын үй алуға есепке қоюды кешіктірмей көрсетуге мүмкіндік бар.

Осылайша, азаматтар қазіргі заманның ең өткір әлеуметтік мәселесінің бірі – тұрғын үй мәселесін шешу процесін жеделдету мүмкіндігіне ие болды, бұл өз кезегінде елдің тұрғын үй саясатын, тұрғын үйге қолжетімділікті қамтамасыз ету институттарын және олардың өзара іс-қимылын бірыңғай тетікте қалыптастыруға әсер етеді.

Мемлекеттік органдардың маңызды міндетінің бірі – халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасы, ол қызмет көрсету процесінің жеңілдігімен, қолжетімділігімен, ашықтығымен, оны арттыру бойынша тұрақты жұмысымен, сондай-ақ қызметкерлердің жеделдігі мен құзыреттілігімен бағаланады.

Департамент мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға, азаматтардың сенім деңгейін арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған жұмыстарды белсенді жүргізуде.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сіздің құқығыңыз бұзылған жағдайда, департаментке Сарыарқа даңғылы, 13 мекенжайы бойынша жазбаша түрде, «электрондық үкімет» порталы немесе «е-өтіш» азаматтардың барлық өтінішін қабылдау мен өңдеудің бірыңғай платформасы арқылы жүтіне аласыз.

**ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті**



## ШАХМАТТАН ҮЗДІКПІЗ

Грекияның Родос қаласында шахматтан оқушылар арасында әлем чемпионаты өтті. 54 елден 509 шахматшы келген бәсеке алаңы тартысты болды.

Классикалық шахмат бойынша G09 санатында сығна түскен елордалық Аланна Берікқызы 9 ойынның 8-інде жеңіске жетіп, I орыннан көрінді. Тағы бір жерлесіміз Әмина Қайырбекова 17 жасқа дейінгі шахматшылар арасында 8 ойында ұтып, алтын ме-

далды еншіледі. Ал 9 жастағы астаналық Жауынбай Әлімжан қола медальға ие болды.

Командалық есепте 2 алтын, 2 күміс, 5 қола медаль алған Қазақстан I орын алды. Медаль саны бойынша Түркия II, Моңғолия III орыннан көрінді.

## АЛАМАНДА «АЛҒЫР» ОЗДЫ

Қызылорда қаласындағы ипподромда Қазақстан чемпионатының оңтүстік аймақтық II іріктеу турнирі өтіп, онда елордалық шабандоз жеңімпаз атанды.

Бәйгеге 129 сәйгүлік шығып, мәреге ұмтылды. Жарыстың көркін аламан бәйге қыздырды. Бұл сында елордалық шабандоз Алдияр Ердосұлы «Алғыр» есімді тұлпарымен бас жүлдені жеңіп алып, автокөлікке ие болды. «Алғыр» бұған дейін Қоста-

най, Қарағанды, Маңғыстауда өткен аламанда да жүлде алып, куантқан еді.

Қызылордада мәре сызығына алғашқы келген 15 тұлпарға қаржылай сыйақы табысталды. Бәйгеге жалпы жүлде қоры 35 миллион теңгені құрады.

## БИШІЛЕР БИКТЕН КӨРІНДІ

Әлем чемпионатының жүлдегері елордалық Дастан Раушанбеков пен Құрбанәлі Әбуовті әуежайдан жанкүйерлері мен ағайын-туысы күтіп алды. Олар АҚШ-тың Орlando қаласында 2023 International Cheer Union әлем чемпионатында табысты өнер көрсетті.



Халықаралық черлинг одағының қолдауымен өткен чемпионатта біздің спортшылар хип-хоп стилі бойынша алғаш рет өнер көрсетті. Мүмкіндігі шектеулі спортшылар мен дені сау бишілердің біртескен өнер көрсетуін қамтитын турнирде АҚШ I орын алса, II орыннан Қазақстан құрамасы көрінді.

### ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР!

Астана қаласының мемлекеттік архиві Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау бойынша Астана қаласының өңірлік комиссиясымен бірлесіп Кеңес Одағы кезіндегі қуғын-сүргін құрбандары туралы естеліктер мен құжаттарды жинау ісін қолға алғанын хабарлаймыз. Еліміздің тарихына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру үшін саяси қуғын-сүргін құрбандарының басынан кешкен қасіреті мен азабын халық жадында сақтап қалу маңызды.

Егер сізде қуғын-сүргінге ұшыраған жақын-дарыңыз бен таныстарыңыздың әңгімелері мен естеліктері, қолжазбалар, күнделіктер, тарихи фотосуреттер, тағы басқа деректері болса, бізбен болсуге шақырамыз. Сіздің әңгімелеріңіз, фотосуреттер мен құжаттарыңыз тарихи оқиғаларды қалпына келтіруге және саяси қуғын-сүргінге ұшырағандарды мәңгі есте қалдыруға көмектеседі.

Қуғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің, олардың ұрпақтарының, оқиға куәгерлерінің құжаттары мына санаттар бойынша қабылданады:

1. Бай, кулақтар, жартылай феодалдар (орта шаруалар), шаруалар
2. Күштеп ұжымдастыру, отырықшыландыру, ет дайындау, астық дайындау және өзге де халыққа қарсы компаниялардың құрбандары
3. Халық көтерілістері мен қарсылықтарына қатысушылар
4. Қуғын-сүргін және апаршылық кезеңіндегі мәжбүрлі босқындар

а) санат: Кеңес Одағы шегіндегі босқындар б) санат: Кеңес Одағынан тыс босқындар

5. Қазақстанға жер аударылған халықтар мен арнайы қоныс аударылғандар

6. Қазақстандағы ГУЛАГ лагерлерінің тұтқындары және олардың отбасы мүшелері

7. Қазақстанның азаматтығы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы үшін күрескендер

8. Екінші дүниежүзілік соғыстағы әскери тұтқын – қазақстандықтар (1939-1945 жж.)

9. Дәстүрлі дін қызметкерлерінің өкілдері

Жиналған материалдар көпшілікке қолжетімді тарихи мұрағаттарды әзірлеуге пайдаланылады.

Архив қорына түскен құжаттар мәңгілік қорғалатынына кепілдік береміз. Сондай-ақ сіздің талап етуіңізбен қайтарып беруді немесе фото, ксеро көшірмелерін түсіріп беруді, қоғам мүддесі үшін ғана пайдаланылуын қамтамасыз етеміз.

Ніет білдірсеңіз, төмендегі мекенжайға немесе телефон арқылы хабарласыңыз. Баршамаңыз үшін маңызды бұл істе сіздердің көмектеріңізге сенеміз. Сіздердің өтінішіңізбен аудио, бейне құрылғылар арқылы сұхбатты жазып аламыз.

Біздің мекенжайымыз: Астана қаласы, М.Әуезов көшесі, №3 үй немесе Ш.Қалдаяқов көшесі, №13 үй. Астана қаласының мемлекеттік архиві, байланыс тел.: 8-7172-24-90-33 (119), 28-07-41 (113), WhatsApp: 8-701-650-46-47.

E-mail: halyq-zhady@gosarhiv.kz

### ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

Белгілі мәдениет қайраткері Зайнулин Әділжауат Рахметұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты тұтан-туыстары мен отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Бұл орны толмас қайғыларыңызға шын жүректен ортақтастығымызды білдіреміз.

Әділжауат Рахметұлы 1947 жылдың 1 қаңтарында Челябин облысында 9 баласы бар үлкен отбасында дүниеге келген. Төрт жыл Свердловскіде атом сүнгіуір қайығында қызмет еткен. Немирович-Данченко атындағы Мәскеу көркем академиялық театрының студия-мектебін суретші мамандығы бойынша бітірген. Театрда суретші-бездендіруші, Арқалық қаласындағы партия желісі бойынша қалалық партия комитетінде, облыстық атқару комитетінде басшылық лауазымдарда жұмыс істеді. 90-жылдары көсіпкерлік қызметпен айналысқан.

Жұбайы Сайрамен театрда танысып, 49 жыл бірге өмір сүрді. Олар ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, сүйікті немерелерін тәрбиелеп өсірді.

Жаны жайсаң, жүрегі жомарт Әділжауат Рахметұлының мәдениет саласына сіңірген зор еңбегі мен жарқын бейнесі жадымызда мәңгі сақталады.

Астана қаласы Мәдениет басқармасының ұжымы

### ЕСКЕ АЛУ

Артымнан ерген бауырым Пішенбай Қариұлының өмірден өткеніне 1 жыл болып қалыпты. Зымыран уақытта тоқтау болған ба? Өмір деген өтеді екен, сірә да өстіп, жаназасына да бара алмай, жатқын ауруханада жылап, өксіп. Көзден емес, жүрегімнен жас моншақтап жете алмадым бауырыма көз көрсө де, құлағым естіп.

Бұл дүниенің биігіне көрінген, Абзал адам өтсе-дағы өмірден,

Туыс-бауыр дұға тілеп рухына Еске алады сағынышты көңілмен,

Пішекем туралы жаза бергім келеді көп естелік.

Күлімсіреп жүруші ең, біреуімізге «Әй!» демедің.

**Мизанбаев Кәридің ұрпақтары атынан: тәтесі Несібелді**

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС күн сайын кепіл мүлкін соттан тыс сатуы жүзеге асырады. Ломбардтарда зергерлік бұйымдар түріндегі мүлкті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi



## АРҚАНЫ ӘНГЕ БӨЛЕГЕН

«Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығы «Ұлыларға тағзым» жобасы аясында Ақан сері Қорамсаұлының 180 жылдығына арналған рухани өнер кешін өткізді.

Бір бойына бірнеше өнерді тоғыстырған Ақан сері күрескер ақын, әнші, композитор болды. «Жігітке жеті өнер де аз» дегендей, бірнеше тілді біліп, саятшылықпен айналысты, ит жүгіртіп, құс салды, жүйрік баптады. Ақанның жұмбақ та нәзік жан дүниесін ашу үшін концерт театрландырылған қойылыммен ашылып, жабылды. Әнші, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Құмарбек Қалқатай серіні сомдап, «Көкшетаудың биігі» әнін әулетті.

Өнертанушылар Ақанның артында елуге жуық ән қалғанын айтады. Осы концертте он беске тарта туындысы орындалды. Кешті жүргізген өнер орталығының жетекшісі Жасұлан Наурызбайұлы арасында әндердің тарихы туралы айта отырып, халық композиторының өмірінен мәліметтерді келтірді. Мәселен, ел аузында сүйікті тұлпары Құлагерді Батыраш-Қотыраш дейтін байлар өлтірді деп айтылады. Жыр жүйрігі Лияс Жансүгіртің «Құлагер» поэмасында, кинорежиссер Болат Мансұровтың осы аттас фильмінде де сондай дерек




берілген. Ал көрнекті композитор, өнертанушы Илья Жақанов бұл жаңсақ пікір екенін, Құлагерді мерт қылған Ақанмен қастасқан Барақбай деп жазады. Өз заманында өршіл ақын Мағжан Жұмабаев та Құлагердің қаны Барақбайдың мойнында екенін жазып кеткен екен. Бірақ «халық

жауы» атанған Мағжанның шығармаларын оқуға тыйым салынғандықтан, бертіңге дейін бұл пікірі белгісіз болып келді.

Жалпы сұлулыққа жаны құштар Ақанның шығармашылығында арулар, қыран құстары мен тұлпарларына арналған әндер ерек орын

алады. Бұл тарапта «Құлагермен» қатар «Маңмангер», «Қараторғай», «Балқадіша», «Ләйлім шырақ», «Ақтоқтының аужары», «Жамал қыз» сынды әндерін айтуға болады. Ал «Майда қоңыр» әні – достыққа қойылған ескерткіш іспетті туынды. Көрермендер осы әндермен қатар «Шырмауық», «Сырымбет», «Алтыбасар», «Көк көбелек», «Торыны таң асырып мінген қандай» шығармаларына құлақ құрышын қандырды. Бұл әндерді Медет Салықов, Клара Төленбаева, Дінісламбек Жайлаубай, Асқар Мұқият, Перизат Тұрарова, Ерболат Шалдыбеков, Нұрболат Арзамасұлы, Жасұлан Наурызбайұлы, Аяулым Қамажан, Біржан Айтахмет нақышына келтіріп салды. Дәулескер күйші, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай өнер тарихында жалғыз «Қосбасар» күйімен қалған Итаяқтың осы күйін шертті.

«Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының бір мақсаты – қазақтың ұлттық аспаптарын насихаттау. Кеште дарынды музыкант Венера Табыс жетігенді сызылтты. Концерт соңында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбаев көрермендер атынан алғыс айтты.



## ӘЛИХАН МЕН АЛАШ ТАРИХЫ – ТАСПАДА

Кеше әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өлкетанушы Тұңғышбай Мұқанның «Әлихан Бөкейхан – ұлт-азаттық күрескері» танымдық деректі фильмінің көрсетілімі өтті. Туынды продюсері – Медеу Әбеузар.

Автордың айтуынша, екі бөлімнен тұратын бұл фильм Әлихан Бөкейханның өмірінің кейбір деректерін қамтып, мұрасы мен еңбегі жайында сыр шертеді. Фильмде 1992 жылы Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында Әлихан Бөкейхан, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев сынды Алаштың үш қай-

раткеріне арналған шарадан бастап, 2022 жылға дейін, 30 жыл ішінде өткізілген рухани шараның біразы қамтылған. Ондағы мақсат – туынды арқылы Әлихан мен Алашты әлі танып білмей жатқан, мойындамай жатқан жұртшылыққа, әсіресе мектеп оқушыларына, жастарға, ел басқарып отырған азаматтарға үлгі-өнеге ету.

## МОЦАРТ, ГРИГ, ҚАЗАНҒАП...

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония және Ғ.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті квартет «Көктем шабыты» концертін ұсынды. Ұжым «Астана Опера» театрының Күләш Байсейітова атындағы камералық залында Вольфганг Амадей Моцарт, Эдвард Григ және Қазанғаптың шығармаларын орындады.



Ғ.Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті квартеттің жоғары шеберлігін музыкалық қоғам және кәсіби қоғамдастық әлдеқашан мойындаған. Ұжымның шығармашылық қызметі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, 1996 жылы квартетке «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы, ал 2000 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалі берілді. Көптеген беделді халықаралық байқаулар мен фестивальдерге қатысып, жүзделі орындарды иеленген квартет Дмитрий Шостакович атындағы халықаралық ішекті квартеттер байқауында топ жарған.

Кұрамында көркемдік жетекшісі Ернар Мыңтаев (виолончель), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айдар Тоқталиев (бірінші скрипка), Алексей Лебедев (екінші скрипка), Бекзат Сайлаубайұлы (альт) бар ұжым Моцарттың ля мажор кларнет пен ішекті квартетке арналған квинтетін, Григтің соль-минор ішекті квартетін, Қазанғаптың «Торы жорға аттың бөгелек қағуы» атты күйін орындады. Квартетпен бірге кеш қонағы – Башқұртстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Башқұртстан Республикасы Ұлттық симфониялық оркестрінің бас директоры Артур Назиуллин өнер көрсетті.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**



## ҰЛТТЫҚ МӘРТЕБЕДЕН ҮМІТТІ ҰЖЫМ

25 сәуір күні қазақ кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі Қалибек Қуанышбаевтың туғанына 130 жыл толды. Сахна саңлағының атын иеленіп, соның көшесінде орналасқан Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театры дәл осы күні өз-Наурыз бен Халықаралық театр күні мерекелерін атап өтті.

Өнер ұжымы бес ауылға бөлініп, киіз үйлер тікті. Ұлттық тағамдар мен ұлттық ойындардан сайыстар, колөнер шеберлерінің жарысы ұйымдастырылды. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дегендей, дүниеден өткен театр қызметкерлерінің рухына құран бағышталды. Театр үздіктеріне, қаллекіліктердің бірде-бір қойылымын қалдырмайтын көрермендерге, осы театрды насихаттайтын БАҚ өкілдеріне өнер ордасы басшылығы атынан алғыс хат тапсырылды. Үздіктерді құрметті қонақтар



қатарындағы мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер, Парламент депутаттары марапаттады.

Мәдениет және спорт министрінің орынбасары Нұрғиса Дәуешов соңғы үш жылда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өнерді қолдауының арқасында Қаллекі театры жаңа, еңселі ғимаратқа ие болып, техникалық жағынан жабдықталғанын атап өтті.

– Шын мәнінде, қазақты қолдайтын болсақ, алдымен театрымызды оңдасақ, театрда қойылатын бүкіл қойылымдарды жатқа білсек, қазақтың мәдениеті өседі, қазақтың ой-өрісі өседі, жалпы қазақ алға жылжиды, – деді мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі қаламгер Дархан Мыңбай.

Жазушы-драматург, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Роза Мұқанова, Мәжіліс депутаты, ақын Жанарбек Әшімжан жылы лебізін жеткізді. Академик, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қазмабекұлы қазақ театрын құрған Алаш ардақтыларының еңбектерін театр музейіне сыйға тартты. Соның ішінде Қызылордада қазақ театрын ашқан Смағұл Сәдуақасұлының, ұлттық театрда сахналанған алғашқы «Алтын сақина» пьесасының авторы Қошке Кемеңгерұлының кітаптары бар. Ресми бөлімді түйіндеген Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық-драма театрының директоры Айболат Жаудыр Қаллекі театры ұлттық мәртебеге лайық екенін, осы атақтан үмітті екенін айтты.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Талпырыс №49

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**